


# ПИОНЕР



АВГУСТ

1953 ЖЫЛ

№ 8

АЛМАТЫ

# Совет Одағының Коммунистік партиясына елу жыл

Бұдан 50 жыл бұрын, 1903 жылы 30-июльде Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының (РСДЖП) II съезі шақырылды.

Екінші съездің басты міндеті лениндік «Искра» жасап ұсынған программалық, ұйымдық және тактикалық негіздерде нағыз маркстік партия құру болды.

В. И. Ленин съезде асқан ұлы революциялық жігермен, революциялық марксизм идеяларына шексіз берілгендікпен, орыс жұмысшы табының күшіне қалтқысыз сенгендікпен өзінің революциялық маркстік партия құру жөніндегі жоспарын табандылықпен қорғады.

Съездегі аса маңызды мәселе партияның программасын қабылдау болды. Оппортунистердің пролетариат диктатурасы туралы мәселе жөнінде туғызған алауыздығына қарамастан «Искра» ұсынған программа қабылданды.

Аса маңызды программалық мәселелердің бірі — пролетариаттың революциядағы одақтасы туралы мәселе еді. Бұл мәселе жөнінде Ленин шаруаларды пролетариат революция жағына шығарып алады, пролетариат өз партиясының басшылығымен революцияда гегемонияға ие болады деп көрсетті.

Съезде ұлт мәселесі жөнінде де принципті күрес жүргізілді.

Партияның Екінші съезі партияның Уставын қабылдады.

Съезд жұмысының ақырында РСДЖП екі фракцияға бөлінді. Партияның орталық органын сайлауда көпшілік дауыс алған шын мәніндегі революцияшыл марксистер — Ленинді жақтаушылар большевиктер деп аталды да, олардың азшылық дауыс алған дұшпандары меньшевиктер деп аталды.

Данышпан Ленин бұдан 50 жыл бұрын ұйымдастырған Совет Одағының Коммунистік партиясы Лениннің басшылығымен, Лениннің шәкірті және оның ісін алға апарушы ұлы Сталиннің және олардың серіктерінің басшылығымен алып күшке айналып, ұрыстарда шынығып өсті.

Партиямыз құрылғаннан бергі жарты ғасырдың ішінде жұмысшы табының ісі үшін күресте бүкіл дүниежүзілік — тарихи жеңістерге жетті. Ол алғашқы маркстік үйірмелер мен топтардан қазір жұмысшылар мен шаруалардың қуатты социалистік мемлекетін басқарып отырған және совет халқын социализмнен коммунизмге қарай бірте-бірте өту жолымен

бастап келе жатқан коммунистердің ұлы партиясы болуға дейінгі ұзақ және даңқты жолдардан өтті.

Коммунистік партия — пікірлес коммунистердің жауынгерлік одағы. Партиямыздың күштілігі — оның қоғамдық даму мен саяси күрестің заңдарын білуінде, табиғат пен қоғамның даму заңдары туралы, езілген және қаналған бұқараның революциясы туралы, социализмнің барлық елдерде жеңіп шығатындығы туралы, коммунистік қоғам құру туралы ғылыммен қаруланғандығында.

Партиямыз буржуазиялық идеологияға, өз қатарындағы оппортунизмге қарсы ымырасыз күрес жүргізіп, өз идеологиясының тазалығын, өз қатарының біртұтастығы мен тығыз топтасқандығын сақтап қалды. Коммунистік партияның тарихы — оның күші мен қуаттылығының негізін бұзуға тырысқан жаулармен күресудің және оларды талқандаудың тарихы.

Біздің партиямыз еліміздегі жұмысшы табының патша өкіметі мен капитализмге қарсы қаһармандық азаттық күресіне бас бола білді, өзінің дем беруші және ұйымдастырушы қызметімен Ұлы Октябрь революциясының жеңіп шығуын қамтамасыз етті.

Совет халқы Коммунистік партияның басшылығы арқасында асқан ұлы жігермен жаңа социалистік индустрия жасады, бірінші дәрежелі машиналы техникамен қаруланған колхоздар, совхоздар, МТС-тер құрды, елімізде мәдениет революциясын жасады, ССРО халықтарын біртұтас туысқан халықтар семьясына топтастырды. Партиямыз қазір коммунистік құрылысқа ойдағыдай басшылық етуде.

Партияның XIX съезі коммунизм құру жолындағы күрестің міндеттерін белгіледі.

СОКП Орталық Комитетінің жуырда болып өткен июль Пленумы ұлы партиямыздың мызғымас бірлігін, оның ішкі және сыртқы саясат жөнінде қазір Совет Одағының алдында тұрған тарихи міндеттерді орындауға жауынгерлік әзірлікте екендігін тағы да айқын көрсетті.

Совет халқы өзінің туысқан Коммунистік партиясының басшылығымен, оның сыннан өткен туының төңірегіне тығыз топтасып, өзінің ұлы тарихи ісін жүзеге асыруда. Партияның, үкіметтің және халықтың тығыз бірлігімен еліміз өз жолымен — жеңімпаз коммунистік құрылыстың даңқты жолымен алға басуда.



# ПИОНЕР

№ 8

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің  
пионерлер мен мектеп оқушыларына  
арналған әдеби-көркем және  
публицистикалық журналы

АВГУСТ  
1953 жыл

*Айына бір рет шығады.*

*Шығуына 15 жыл.*



Суретті салған *Д. Пяткин.*

## Совет халықтарының мызғымас достығы

Коммунист партиясы еліміздің барлық ұлтын совет халқының достық семьясына — социалистік жаңа өмір орнатушы семьяға біріктірді. Социализм ССРО-ның барлық халықтарының экономикасы мен мәдениетінің одан әрі өркендей беруіне шексіз мүмкіндіктер туғызды. Еліміздің барлық еңбекшілері Совет Одағы Конституциясы бекітіп берген саяси және экономикалық заңдарды бірдей пайдаланады. Отанымыздың мәдениеті үздіксіз гүлденіп келеді, бұған әрбір советтік социалистік ұлт өзінің үлесін қосады.

И. В. Сталин былай деді: «Совет адамдары, үлкен болсын, кіші болсын, бәрібір әрбір ұлттың өзіне тән қасиеті, өзінде ғана бар, басқа ұлттарда жоқ ерекшелігі болады деп есептейді. Бұл өзгешеліктер әрбір ұлттың дүние жүзі мәдениетінің ортақ қазнасына қосатын, оны толықтыратын, оны байытатын үлесі болып табылады. Бұл мағнада алғанда, барлық ұлттар, — кішкене ұлттар да, үлкен ұлттар да, —

бірдей жағдайда және әрбір ұлт басқа ұлттардың қандайымен болса да тең».

И. В. Сталиннің бұл сөзінде ұлттардың теңправолылығының, совет идеологиясының мәні айқын көрсетілген. Мызғымас туыскандық семьяда өмір сүріп келе жатқан Совет Одағының халықтары бір-біріне көмектесіп отырады, мұны олар өздерінің қасиетті борышымыз деп біледі.

Коммунист партиясының ұлт саясатының және еліміздегі социалистік ұлттардың бір мақсатты көздеген, жарасымды өзара достығының салтанатын, бұрын елімізде артта қалған халықтарға ұлы орыс халқының көмегін көптеген фактілер толық дәлелдейді.

Еліміздің халықтар арасындағы достық қатынасы Октябрьден бұрынғы кезде-ақ халықтардың шегелдік басқыншылар мен құлданушыларға қарсы бірлескен күресінде тарихи даярланды. Коммунист партиясы жұмысшылар мен шаруалардың патша өкіметіне жә-

не капитализмге, казактын бай-феодалдарына қарсы бірлескен революциялық күрестерінде ұлттар достығын нығайтып шыңдал отырды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы, пролетариат диктатурасын орнатуға патша өкіметінің буржуазиялық-помещиктік отарлау саясатын мүлдем жоюға және жаңа социалистік мемлекетте лениндік-сталиндік ұлт саясатының салтанат құруына мүмкіндік берді.

Социалистік құрылыстың барысында, И. В. Сталин атап көрсеткендей «...ССРО халықтарының бейнесі мүлдем өзгерді, оларда бір-біріне сенбеушілік сезімі жоғалды, оларда өзара достық сезімі күшейді, сонымен бірыңғай одақтық мемлекет системасында халықтардың нағыз туысқандық ынтымағы жасалынды».

Мысалға Қазақстанды алалық. Тарихи қысқа мерзім ішінде казак халқы алға қарай орасан зор ілгері басты. Қазақстан бұрын патшалық Россияның артта қалған шет аймағы болатын. Ал, қазір ол — алдыңғы қатарлы индустриялы-колхозды және жаппай сауатты республика.

Қазак халқы өзінің жетістіктері үшін Совет Одағы халықтарының, ең алдымен, ұлы орыс халқының туысқандық көмегіне борышты.

Совет үкіметі Қазақстанның шаруашылығын өркендетуге қаржыны аяған жоқ. Республика шаруашылығын өркендетуге 1924 жылдан 1928 жылға дейін 724 миллион сом жұмсалса, бірінші бесжылдықта 1558 миллион сом, соғыстан кейінгі төртінші бесжылдықта 8,8 миллиард сом жұмсалды.

Осының нәтижесінде Қазақстанның социалистік өнеркәсібі үлкен күш алды. Қазақстанда жұмысшы табының қатары күн санап өсуде. Қазақтың техникалық интеллигенциясы ұйымдасты. Бұрынғы жаппай-түз шөл далаларда жаңа қалалар орнады. Қарағанды көмір ордасы, Балқаш және Жезқазған мыс кені, Лениногорск және Шымкент қорғасын заводтары, мұнайлы Ембі, Ақтөбе химия комбинаты, тағы басқа сол сыяқты өндіріс орталықтары салынды. Қазақстанда ғалымдардың патриоттық істері арқасында жаңа пайдалы кен байлықтары ашылды.

Революцияға дейін казак халқының 2 проценті ғана сауатты болса, қазір Қазақстан жаппай сауатты республикаға айналды. Республикада 30-ға жуық жоғары оқу орны, көптеген мектептер бар. Қазір Қазақстанда ондаған театр бар, көптеген газет, журналдар

шығып тұрады. Қазак халқы өз ана тілінде марксизм — ленинизм классиктерінің шығармаларын оқиды. Сонымен қатар, казак тіліне Пушкин, Лермонтов, Л. Толстой, Гоголь, Шевченко, Горький, Маяковский сыяқты атақты жазушылардың шығармалары көптеп аударылған.

Лениндік-сталиндік ұлт саясаты арқасында Қазақ ССР Ғылым Академиясы құрылды. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауылшаруашылық Академиясының Қазақстандағы филиалы қазір үлкен ғылыми орынға айналды.

Қазақстанның экономикалық мәдени дамуындағы жетістіктер мен табыстар ұлы орыс халқының және басқа да совет халықтарының жәрдемінсіз мүмкін емес еді. Қазақстанды алдыңғы қатарлы социалистік республикаға айналдыру үшін орыс халқы және басқа да туысқан совет халықтары Қазақстанға 25 мың алдыңғы қатарлы жұмысшылар жіберді. Қазак халқы орыс жұмысшы табы жіберген дақты жыйырмабесмыңдықтарды мәңгі ұмытпайды. Ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құру үшін, колхоз құрылысының жеңуі үшін казак шаруаларының күресіне көрсеткен олардың жәрдемін ешуақытта естен шығармайды.

Гитлер фашистеріне қарсы Ұлы Отан соғысы жылдарында, казак халқының он мыңдаған ұлқыздары орыс, украин, белорусс, өзбек, қырғыз, грузин және басқа совет жауынгерлерімен барлық майдандарда бірге болды. Олар Москва, Ленинград, Сталинград түбіндегі ұрыстарға қатысып, Белоруссия, Украина, Прибалтика республикаларын азат ету ісіне үлестерін қосты. Неміс-фашист басқыншылары мен жапон империалистеріне қарсы кескілескен соғыста ерлікпен даңқы шыққан казакстандықтар аз емес.

Совет Одағының халықтары өздерінің күшіне берік сенеді. Біздің ел партияның, совет халықтарының тығыз бірлігімен, Совет Одағындағы барлық халықтармен тату-тәтті туысқан семья болып, коммунизм орнату үшін алға баса береді. Партиямыз халқымыздың бірлігі мен достығын көздің қарашығындай сақтап келеді және келешекте де сақтай береді, көп ұлтты советтік мемлекеттің қуатын нығайтып келеді және нығайта береді.

**Ғ. ӘБІШЕВ,**

Тарих ғылымдарының кандидаты.



# Жоғарықта



Тау асқарларының арасы жазда түс кезі ыстық, көші салқын болады. Етекке белдеулеп түскен ағаш ауылдың қасында, ал таудың қарлы басы төбене төніп тұрады. Осы таудың қалың бадалды, бөз қарағанды, одан әрі қарағайлы бір сілемі мектебіміздің қақ қасында. Сондықтан да табиғатқа экскурсия жасау бізге оңай және өте пайдалы. Біз оны әлсін-әлсін жасап тұрамыз. Кейде биология мұғалімімен, пионер вожатыйымен, тіпті кейде бүкіл класымыз болып шығып қоямыз. Одан мектебімізге коллекциялар, өлі, тірі табиғаттардың экспонаттарын жиямыз. Жуа, рауаш, қымыздық сықылды тауда шығатын өсімдіктер әкелеміз. Міне, бүгінгі серуенге бізді өзіміздің класс жетекшіміз Биғайша апай бастады.

Біз таудың теріскей жақ бетін араламақшы болдық. Мақсатымыз — теріскейге шығатын өсімдіктерді зерттеу. Бұл кезде теріскей өсімдіктерінің әбден бойлап өсіп, кемеліне келіп қалған кезі еді және әсіресе, осы беттің өсімдіктері мол, түрлі ағаштарға бай: қараған, ұшқат, шетен, ырғай, тобылғы, итмұрын және жаңа өсіп келе жатқан қарағайлары көп болатын. Ішінде құстар ұялайды. Олардың да неше түрлісін көруге болады. Осының бәрі ауылдан 200—250 метрдей жерден ғана басталады.

Біз осы бетке өрмелеп шыға бергенімізде:

— Құдайберген, мылтық алғанбысың, оны қайтесің? — деген Биғайша апайдың даусы естілді.

— Құс атам, — деді Құдайберген.

— Қандай құс атпақшысың?

Құдайбергеннің әкесі аңшы, мерген болатын. Сондықтан мұндай уақытта қандай құс-

тарды атуға болатынын ол жақсы білетін.

— Қырғи, ителгі, қарға, сауысқан, тағы сол сыяқты зиянды құстарды атам, — деді Құдайберген. — Егер кездесіп қалса, қасқыр да атам.

— О-о! — деді күліп Биғайша апай.

— Апай, Құдайберген ата алады, қыстығуші әкесімен екеуі екі қасқыр атқан, соның біреуін Құдайберген атыпты, — деді жаанында келе жатқан Әлтән.

Біз теріскейдің көп өсімдіктерімен таныстық. Коллекцияға керекті түрлі ағаш, бұта, шөптердің гүлдері мен жапырақтарын жыйнап алдық. Сөйтіп, сағат үштің шамасында ағаштың саясында демалдық. Биғайша апай жыйнаған экспонаттарымыз туралы түсінік беріп тұр.

Мен таудың таяу бір ашық жерінен өзіме таныс емес бір шөптің гүлін көрдім де, алып келе қояйын деп, өрмелей жөнелдім. Жоғарғы жақтың шалғыны өте өсіп кеткен екен, гүлге өрең жеттім. Келіп үзіп ала бергенімде алдымда екі метрдей жерде шалғынның арасында қызарып жатқан бір кішкене жәндікке көзім түсті. Қоянның көжегінен аз-ақ үлкен, қап-қара кішкене тұмсығы бар, көзін жұмып алып ұйықтап жатыр. Сасып шалғынға отыра кеттім. Бұл не?..

Менің отыра кеткеніме Биғайша апайдың әңгімесін тыңдап тұрған Құдайберген мен Әлтәннің көзі түсіп кетсе керек, маған қадала қалыпты. Мен оларға ақырын қолымды бұлғадым. Олар сезе қойды. Екеуі де шөп-шөптің арасымен маған қарай өрмеледі. Мен оларға жатқан жәндікті көрсеттім.

— Еліктің лағы, — деді Құдайберген сыбырлап.

Мен бой тоқтатып тағы да қарадым. Сондай сүйкімді, кіп-кішкене, құлағын жымып алып, тұмсығын алдыңғы екі аяғының арасына қойып ұйықтап жатыр.

— Енді қайттік? — дедім мен.

— Ұстап аламыз, — деді Құдайберген баспа-лап лаққа қарай жорғалап.

— Ұстап алып апайға көрсетейік, азар болса сонсоң қояберерміз, — деп оны Әлтән де қостады.

Мен қайтерімді білмей, орнымда тұрып қалдым. Бірақ екі көзім лақта. Ол бишараның ойында түк те жоқ, рақаттанып қатты ұйық-



тап жатыр. Әлден уақытта Құдайберген ептеп барып артық сыйрағынан шап берді. Лак атып түсті, бірақ Құдайберген жібермеді. Лак

шиық-шиық етеді. Бір жүлқынып босана алмаған соң, лак қайта жыйырылды. Осы кезде Құдайберген оны мойнынан ұстай алмақшы болды, бірақ барлық күшімен қайта ырғыған лак Құдайбергеннің қолынан лып етіп шығып кетті. Құдайберген дереу сыйрағынан ұстамақшы болып ұмтылғанда шалғынға оралып етбетінен түсті. Қалбалақтап оған қолқабыс тигізем деп жүріп, Әлтән да оның үстіне барып құлады. Шегім қатып мен жатырмын.

Әлтәнді үстінен домалатып жіберіп, Құдайберген катуланып тағы жүгірді. Бұл уақытта лак шалғынның ішіне кіріп кеткен еді. Біз лакты олай да, бұлай да іздедік. Жоқ.

Құдайберген ызаланып лактың жатқан жерінде қалған мылтығын алды да, бізге:

— Бері келіндер, ендеше біз мұның енесін атамыз,— деді.

— Қалай? Енесі қайда? — деп сұрадық біз.

— Қазір мен табамын, бірақ сендер де көрінбей жасырынып отырындар. Мен оны шақырып аламын,— деді Құдайберген жерден бір жіңішке қыяқты жұлып алды.

Құдайберген қыяқты екі қолының арасына қыстырып алып бағанағы тап лактың дауысындай шиық-шиық етті. Бірақ бұл лактан көрі қаттырақ,— дауысы көп жерге баратындай етіп шыйкылдады.

Әлден уақытта қалың бұтаның арасынан, құлағы елең етіп, жүгіріп бір елік шыға келді. Менің жабайы, тағы елікті жақын көргенім осы еді, денем түршіге қалды. Осы кезде Құдайберген бір шиық ете қойып еді, елік тұпатура бізге қарай жүгірді. 18—20 метрдей жерге келіп, бізді көріп тұра қалды. Екі құлағы делдиіп, көзі адырайып, танауы желбіреп кетіпті — жүзінде орасан түршіккендік, сақтық және батылдық ізі сезіліп тұр.

Құдайберген жерде жатқан мылтығын жұлып алып, елікке қарай оқтала қалды. Менің зәрем ұшып, көзімнен жас ыршып-ыршып кетті, дауысым шықпай қалды. Осы кезде Әлтән Құдайбергеннің көздеген мылтығын бас салды да, «атпа, атпа!» деп айғайлап жіберді.

Елік каша жөнелді. «Қоя бер-қоя бер!» деп Құдайберген жатыр. «Атпа, атпа!» деп жалынып Әлтән жатыр. Мен орнымнан ұшып тұрдым да, «қаш, қаш!» деп қолымды елікке сермей беріппін...

Бәріміз жыйналып қарағай жаққа қарай бет алғанымызда Биғайша апай Құдайбергенге қатты кейіді, Әлтәнді мақтап, оның адамгершілігін сыпаттады.

— Өзің ойлашы, Құдайберген! — деді Биғайша апай. — Елік бишара өзінің кішкене баласын қорғау үшін анау есіз таулардан біздің ауылдың қақ қасына келіпті. Қарашы өзін, ауыл мына тұр. Ондағы ойы — адамды дос көріп, соның ызбары арқасында қасқыр, сілеусін, бүркіт сықылды жыртқыштардан өзінің лағын сақтау. Ал, енді біз соған қарамай, оның өзін атып тастасак не болар еді?

— Лағы жетім қалар еді ғой,— деді Әлтән.

— Я, кішкене, сондай кішкене, сүйкімді лак,— дедім мен Әлтәнді қостап.

— Анасыз өмірі өте аянышты болар еді! — деді тағы да Биғайша апай.

— Апай, өте аянышты болар еді,— дедік біз бәріміз. Құдайберген ұялғандай төмен қарады. Біз тағы да ілгері бастық.

Кешке жақын экокүрсиядан қайтып келе жатып біз бағанағы елік көрген беттің қырқасынан астық. Бір сайдың тұсына келе бергенімізде етек жақтан бір елік қашып, екінші бетке шықты. Алдында 10 метрдей жерде кішкене лак зымырап барады.

— Әне, бағанағы елікті қараңдар! — деді бір бала.



Бәріміз де тұра қалдық. Елік карсыға барып тұрды. Лак та аржағында 15 метрдей жерге барып тоқтады. Біз оларға орамалымызды бұлғап айғай салдық.

— Елік-ау, біз тимейміз, қашпа, лағыңды осы жерде өсіре бер,— дедік біз.

Елік аңтарылып тұрып қалды, одан әрі қашпады. Біз тағы да орамалымызды бұлғадық. Сол кезде лағы енесімен біраз тұрды да, тұнатура бізге қарай жүгірді, бір 5 метрдей жерге келіп тағы да тұрды. Біз бәріміз күліп орамалымызды, қолымызды бұлғадық.

— Саған бізден көп сәлем! — дедік біз лакка.

Еліктің лағы қарап тұрды да, қайтадан енесіне қарай секіріп-секіріп түсті, оның алды-артына шығып, ойнақ салып, бізге тағы қарады. Біз орамалымызды тағы бұлғадық. Бойы

үйренген елік енді көңілі орныққандай отқа басып қоя бастады. Лағы енесінің баурына кірті.

Біз артымызға қарай-қарай ауылға бет алдық.

\* \* \*

Түнде төсекте жатып мен бір талайға дейін ұйықтамадым,— ойыма күндізгі уақыттар, жапалықтар, еліктің лағы, оның енесі түсіп, әсер ете берді. Өзімнің де бойым сергіп, көңілім өсіп, көтеріліп қалыпты. Әсіресе, көзімді жұма берсем, алдыма кішкене сүйкімді лак, оның батыр қимқоршы енесі, адамға арқа сүйеген достық сезімі келеді. Мен қасыма жатқан маманды қатты құшақтадым да, тәтті ұйқыға кеттім.

Сол түні жақсы-жақсы түстер көріп шықтым.

С. ДЪЯЕВА.

# Қасқалдақ

Қырғыз ертегісі

Ыстық көлдің күнгей жағындағы Қарабулун түбегінде бір пақыр әйел тұратын. Оның Токтабек деген жалғыз ұлы болатын. Ол жанындай жақсы көрген ұлын мәпелеп, көзінің қарашығындай қорғайтын. Шешесі суға кетіп қаласын деп, Токтабекті Ыстық көлге суға түсуге жібермейтін.

Күндердің бір күнінде Токтабек Қарабулун түбегін жағалап отырып, жолдастарымен бірге Ыстық көлге балық аулауға келеді. Жаздың айдай ашық ыстық күнінде балық қармақты жақсы қауып, балалар көп балық ұстайды. Сөйтіп тұрғанда көлдің жағасына кішкене алтын балық келіп, су бетіне шолп етіп шығады да, күнге шағылыса қайта жоқ болады. Балалар Токтабекпен бірге алтын балықты көре салып, жамыраса суға жүгіреді.

Жаға құмқайыр тегіс болған соң балалар шуласа алтын балықты саяз судың ішінен қуа жөнеледі. Ал, алтын балық суға бір батып, бір көрініп алыстай береді. Балалар ұстамақ болып оны құштарлана қуа да, жақын қалғанда сүңгіп жоқ болып алдай береді.

Алтын балық осылайша балаларды емексітіп бірте-бірте тереңге әкете береді. Балықты қуған балалар бір кезде судың бойынан асып бара жатқанын көріп жүзе бастайды. Бірақ, бұлардың ішінде жүзу білмейтіні де болатын. Ол — Токтабек. Токтабек алғашында қармалады да, кейін суға батып кетті. Балыққа қызығып шулап жүрген балалар Токтабектің айғайын да есітпей қалды.

Ақырында алтын балық бір рет күнге шағылыса су бетінен жалт берді де, қайта көріңбей қойды.

Арыл-шаршаған балалар өлдім-талдым деп жағаға әреп қайтып оралды. Олар Токтабектің жоғын енді ғана білді. Балалар оның жаңағы дырдуда суға кеткенін бірден сезді. Сонан соң бәрі жылаған бетімен Токтабектің үйіне жүгіріп келіп, бұл қабарды шешесіне айтты. Шешесі ойбайып сала балалардың сонынан көлге қарай жүгірді. Көлге келгенде ол тек жағада жатқан Токтабектің киімін ғана көрді. Жағада тұрып ол көзін көлге жіберсе, су бетінде зар қағып жүзген қасқалдақ оның көзіне түсті. Өзінің жалғызынан айырылғанын мейірбан ана сонда ғана ұқты. Ол тағат етіп тұра алмай, «ойбой Токтабегім!» деп суға тап берді.

Асыл ана суға тереңдеп барған сайын «ойбой Токтабегім!» деп көз жасын сел қылды. Су белуардан асты, ыйыққа кеп жетті. Суы ауыздан да асқан кезде әйел қасқалдақ боп «ойбой Токтабегім!» деген қалпымен зар жылап жүзіп кете берді.

Міне, қырғыздар асыл анасы мен жалғыз ұлы суға кеткен көлді Кокуй-көлім деп, ал, қасқалдақты Токтабек-көкейім деп атап кеткен. Осыдан кейін бұл көлдегі қасқалдақтардың бірден артық балапаны болғанын көрген ешкім болмапты-мыс.

М. ЗВЕРЕВ.

# Көңілді демалыс



Есік көлінде.

— Біздің демалысымыз қалай тез өтті,— деген Люданың сөзін:

— Тез өтті, әрі көңілді өтті ғой,— деп Галя костай жөнелді.

— Тіпті, кеше ғана еді, біздің линейкаға тұрып, лагерьдің ашылуында болғанымыз. Сенің есінде бар ма, сонда менің қалай рапорт бергенім:

«Жолдас лагерь советінің председателі, екінші пионер отрядында 40 бала бар, оның бәрі де линейкада. Отряд пионер лагерінің ашылуына әзір. Рапорт беруші екінші пионер отрядының вожатыйы Людмила Афанасьевна».

Болат та, Вера да, бәрі де артынан:

— Люда, сен рапортты өте жақсы бердің,

бірақ даусың сәл дірілдеп шықты,— дегені менің әлі есімнен кеткен жоқ.

— Бәрі менің де есімде. Онда аға пионер вожатыйы Нонна Соколова қалалық комсомол комитетінің секретарына рапорт берген. Біз пионер жалауып көтергенбіз. Толя гориды жақсы тартып, Вова барабанды жақсы ойнаушы еді. Олар, әсіресе, лагерь туын көтеріп линейканы айнала алып жүрген кезде тамаша ойнап еді...

Галя мен Люда пионер лагерінде бірге демалған. Олар кейін қалалық пионерлер Сарайында кездескенде, өздерінің лагерьде өткізген қызықты күндерін осылай естеріне алды.

Олар түнге қарай лаулата костер жаққандарын, костерді айнала отырып, тамылжыта ән салғандарын, ондағы жақсы жолдастарын, олармен бірге саяқатқа шыққан кездерін, бәрін де ұмытпапты.

Мынау оқыйғалар олардың әлі де көз алдарынан кетпейді:

...Табиғат көркіне бай Алатаудың етегінде, неше түрлі ағаштардың ішінде бірінен бірі айырғысыз үлкен үш ақ үй тұратын. Бұлардан басқа әр жерде тігілген кішкене-кішкене ақ шатырлар да ерекше назарыңды аударатын. Осылардың дәл қасында спорт алаңы бар. Жас балғындар онда түрлі спорт істерімен шұғылданып шынығады. Бақытты балалардың нәзік үймен қосыла айтқан әдемі, сүйкімді әндері де естіліп жатыр. Олар орысша да, қазақша да ән шырқайды.

Асқар тау, ну орман, айдың көл,

Асыл кен, көк егін, самал жел,

Жарқын жаз шақырды қол бұлғап:

«Пионер, бізге кел, бізге кел!»

Бұл әнді олар жақында ғана үйренсе де, жақсы айтты.

Біз, әр елдің жастары,

Бейбітшіл өмірді аңсаймыз...

Бір мезгілде кәріге де, жасқа да, балаға да жете таныс, сүйкімді жастар гимнінің әні көкке шарықтай көтерілді. Бұл гимнді айтушылардың ішінде қазақ қызы Нарбаева Гуля, орыс қызы Зверева Галя, татар қызы Сафеулина Роза, украинка Диденко Люда, грузинка Лиатвеева Тина да бар. Сәулетті Отанымыздың туысқан көп ұлттарының сәби өкілдері бірі-



мен-бірі шын дос болып, бір адамның балалары сыяқты лагерьдегі демалыс күндерін көңілді өткізуде.

Алматы қаласындағы коммуналдық шаруашылық қызметкерлері мен жұмысшыларының балаларына арналған осы пионер лагері 1951 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Мұнда жыл сайын бірнеше жүздеген пионерлер мен мектеп оқушылары демалады. Өткен жылы бұл лагерьге 640 бала, быйыл 500-дей бала жазғы демалыстарын көңілді өткізді.

Быйылғы жылы лагерьде бірнеше үйірмелер жұмыс істеді. Пионерлер мен мектеп оқушылары шахмат, жас натуралистер, зоология, волейбол, жеңіл атлетика, акробатика, көркемөнер, тағы басқа үйірмелер мен городки секциясына қатысып, сан алуан өнерлерді үйренді.

Бұл лагерьге көршілес лагерьлердің пионерлері келіп, жиі-жиі спорт жарыстарын өткізді. Алматының ауыр машина жасайтын заводының пионер лагеріндегі жас спортшылар бұларға жиі келіп тұрады. Олардың арасында волейбол жарыстары да жиі өткізіледі. Күшті шайқасқан жарыстарда бірде олар, бірде бұлар жеңіл жүрді. Екі лагерьдің пионерлері өте тату-тәтті дос болды. Олар осында жүріп дружина спартакиадасын өткізді, БГТО значегіне норма тапсырды.

Лагерьде өткізілген жазғы саякаттар пионерлердің есінде ұмытылмастай әсер қалдырды. Олар зоология, география пәндерінің оқытушылары және аға пионер вожатыйына еріп өлкетану саякаттарын жасады.

Алатаудың шың-құздары аралап, әртүрлі жерлермен танысты. Көптеген гербарийлар мен коллекциялар жыйнады. Олардың бұл жыйнаған гербарийлары мен коллекциялары лагерьдің пионер бөлмесінің ішін толтырып жіберді. Коллекциялар мен гербарийларды әсіресе пионер лагерінің үшінші маусымында демалған ересек балалар көп жыйнады.

Пионерлер «Горный титант» ауылшаруашылық артелине экскурсияға барып, ауыл шаруашылығының түрлі салаларымен танысты. Колхозшыларға пионерлік көмек көрсетті. Олар Алматының ет комбинатына барып, озат жұмысшылармен әңгімелесті. Жұмысшылар пионерлерге бірнеше қызықты-қызықты әңгімелер айтып берді.

Әне, пионер лагерінің 9 гектар

жеміс бағының іші қазір тіпті көңілді. Алма мен алмұрт, қарақат, тағы басқа түрлі жемістер пісіп жайқалып тұр.

Пионерлер лагерьде демалып жүргенде, жексембі сайын оларға өздерінің ата-аналары келіп тұрды. Олар өз балаларының қалай демалып жатқандарын біліп отырды. Балалар саякатта, экскурсияда не көріп, не білгендерін, өздерінің не істегендерін, қандай кітап оқығандарын — бәрін де әңгімелеп берді.

12-мектептің 5-класының озат оқушысы Зеленкова Тома үйіне келген күні өзінің шешесіне былай деді:

— Мама, біздің елімізде жыл сайын он мыңдаған пионер лагері жұмыс істейді. Олар да мына біз сыяқты пионерлер мен мектеп оқушылары жазда көңілді демалады.

Томадың шешесі қалалық жол құрылысында жұмыс істейтін. Ол жұмыстан жана келгендігіне қарамастан, қызының айтқан әңгімелерін көңіл қоя тындады.

— Бізге аға пионер вожатыйы көп әңгімелер айтқан. Мұны ол біз тауда саякат жасап жүргенде айтты. Біз оның айтқан қызық әңгімелерінен кейбір сөздерді өзіміздің блокнотымызға жазып алдық. Бұл менде жазулы, — деп Тома кішкене қызыл блокнотын қалтасынан суырып алып, шешесіне көрсетті...

**Р. ЫДЫРЫСОВ**



«Ремизовка» пионер лагерінде.

Суретті түсірген **А. Скворцов.**



# ҮМІТ ЖҮЛДЫЗЫ

Абдулла ӘХМӘТ

(Жалғасы, басм өткен номерде)

Суреттерін салған Н. Лебедев.

## II-перде, III-көрініс

Мектеп класы. Парталар мен тақта. Жақсы киінген балалар. Үр жаңа көйлек киген Мари бір шетте мұңайып отырады. Төрде стол артында оқытушы.

Перде ашылғанда есік сыртында у-шу дауыс естіледі. Осы есіктен алтыға секіріп Антонио кіреді.

Антонио. Неге кіруге болмайды, біз ұры емесіміз ғой.

Есік артында дауыс. Болмайды деген сөз болмайды. Қайыршылар жыйылатын жер емес бұл. (Есіктен қысыла-қысыла Перико да кіреді. Антонио оны тартып кіргізеді. Оқытушы ашуланып, мұрттың сылай шығарып бұларға қарсы жуықтайды).

Оқытушы. (созғышпен сілтеп). Айғайламаңдар, әй иттің балалары, өздеріңді қазір қуып шығайың ба!

Антонио. Мұғалім мырза, бүгінгі мереке күрметіне рұқсат етіңіз! (Бай қыздары жырқылдап күліседі: Ойбай-ау, мыналар не деген ұятсыз қайыршылар, ә!)

Оқытушы. Неге келдіңдер?

Анига. Біздің жолдасымыз осында. Ол бүгін емтихан бермекші еді.

Перико. Я, эне, ол, эне біздің жолдасымыз. (Мари орнынан тұрады. Езу тартып күлімсіреп, жолдастарына қарайды. Басын шайқайды. Балалар төр жаққа бармақшы болады. Оқытушы түсін бұзып, ызбарланып, бұларды сызғышпен ұрып жібереді).

Оқытушы. Тоқта! Міне, осында ғана, я, я есік алдында ғана. (Балалар есік алдында тұрып қалады. Маридан көзін аудармай қарап тұрады).

Оқытушы. (қолындағы сызғышымен класс тақтасын ұрады). Айғайламаңдар! Емтиханды бастаймыз. Шығарма жазу. (Балалар қағаз, қаламдарын әзірлей бастайды).

Бір бала. Мұғалім ағай, қандай тақырыпқа?

Оқытушы. (Сызғышымен баланың басына соғып). Капуста деген тақырыпқа. Тыйыш тұр, я, я! Әркім өзінің өмірінде болған қызықты бір уақытқа турасында, болмаса өз көзімен көрген бір көңілді жағдай турасында, я, я. Болмаса өзінің есінде қалған бір нәрсе турасында жазып беруге тиіс, я, я. Я Франко, я Испания мақталып, ауызға алынуы керек. Түсіндіңдер ме? Ең жақсы жазған шәкіртке грамота... Түсінікті ме? я, я. (Балалар шуылдап, ду күлісіп қояды. Түсінікті, түсі-

нікті дейді. Класта тыйыштық болады. Балалар жазуға кіріседі. Мари, әуелі еркелей жолдастарына қарап алады да, жаза бастайды. Ол әлсін-әлсін тоқтап жолдастарына қарайды да, тағы да жаза бастайды. Жазып бітірген оқушылар жазғандарын мұғалімге береді. Ол балалардың жазғандарын қарап, тексеріп отырады. Мұғалім жақсы киінген балалардың жазғандарын көңілді түрмен алады, оларды басынан сыйлап еркелетіп-те қояды. Біраздан соң Мари да жазып бітіреді).

Мари. (Жазғанын оқытушыға беріп). Мұғалім ағай, сізге тапсыруға рұқсат етіңіз?

Оқытушы. (Оның көңіл бөлмей). Стол үстіне қоя сал! (Мари жазғандарын стол үстіне қойып, өзі көңілсіз бір-екі басып жолдастарының қасына келеді. Достары оны ығысып қарсы алады. Шүйіркелесіп сөйлесе бастайды).

Антонио. Мари, сен не туралы жаздың?

Мари. Айтпаймын. Өздерің біліңдер.

Анига. Мен білем, мен білемін.

Перико. Мен де білем.

Антонио. Менімше, ол барлық балалары рақат өмір сүріп, мектепке баратын, үміт жұлдызы жарқырап тұрған ел туралы жазған.

Мари. Жоқ.

Анига. Я, менімше, менімше, ол бір ананың өз баласын бесікте әдилете тербетуі туралы жазған.

Мари. Олай да емес.

Перико. Біздің Мари, фашистер өлтірген әкесінің өснесі, ең соңғы сөздері туралы...

Мари. (Мұңайып). Олай да емес, Перико. Білесізбе не туралы жаздым мен?

Анига. Я?

Антонио. Айт енді.

Мари. Мен, мен сендер туралы жаздым, достарым.

Перико. (Қорқып). Біз туралы?

Анига. Не сөйлеп тұрсың сен?

Антонио. Бері қара, сен шынында да көйлек туралы жаздың ба?

Перико. Жазсын... Егерде ол көйлек туралы жазса, қара да тұр, ол бірнеше көйлек сыйлыққа алады әлі.

Анига. Біздің Мари, әдемі жазады ол. Көйлек алар да.

Перико. Әй, білмеймін-ау.

Антонио. Сен әлі де сенбейсің-ау Перико. (Осы

кезде мұғалім сызғышымен қара тақтаны қатты соғып-соғып қалады).

**Оқытушы.** Балалар! Атамыз, жоғары мәртебелі Франко бастаған Испанияның, я, я сенімді ұрпақтарының шығармалары, бір-екеуінен басқасы я, я тіпті сүйсінерлік жазылған. Бірінші сыйлық, я, я... (Антонио, алға таман барып, мойнын созып, тыңдап тұрады). Бірінші сыйлық Маргаритаға, я, Екіншісі — Гомесқа беріледі. Мә, алыңыз, ардақтыларым (ол мақтау қағазын береді). Ал, емтиханды қанағаттанарлық етіп бергендер, міне, қолжазбаларыңыз (оқытушы Маридан басқаларының қолжазбасын қайтарып береді. Мари да қолын созады. Оқытушы оның қолына сызғышымен періп жібереді. Маридің көзіне мөлтілдеп жас келеді. Антонио ашуланып, тағы да алға таман шығады. Перико да оған ереді).

**Антонио.** Сіз, мұғалім мырза, біздің Мари Тәрдің жазғаны туралы неге еш нәрсе айтпайсыз?

**Перико.** Ол да емтихан берді ғой.

**Анита.** Біздің Мари, ол, әдемі жазатын.

**Оқытушы.** (Қолындағы қағазға қарап). Мари Тәр? Мари ма? Білесің бе, ол кім?

**Перико.** Білеміз.

**Анита.** Ақылды, есті қыз!

**Антонио.** Намысты, арлы, жұмысшы қызы ол!

**Оқытушы.** Мари Тәр ол ұлы мәртебелі Франкоға қарсы шыққан кісінің баласы, я, я. Қайыршы, ұры, қарақшы ол! Сендер бәрің де қарақшысыңдар. Қайыршылар! Сендердің орындарың мұнда емес.

**Антонио.** Мазактамаңыз бізді. Біз...

**Оқытушы.** (Қағазын сілкіп). Білесіңдер ме, ол қайыршы не туралы жазғанын, я? Бұл үшін ол да, сен де, бәрің де түрмеге отыруға тиістісіңдер, я, я.

**Антонио.** Не нәрсе туралы жазыпты?

**Перико.** Мари, көйлек туралы жазып па едің?

**Анита.** Әй, не туралы жазып едің, сен, Мари? (Мариді құшақтап жылай бастайды).

(Оқытушы жүлып алғандай, кенеттен қоңырауды қатты қағады. Есіктен екі полицейский кіреді. Бай балалары үрпиісіп бір түкпірге, Антонио, Перико, Анита, Мари екінші түкпірге ығыса бастайды).

**Оқытушы.** Ұстаныз, мына, бұл қауіпті балаларды! Ол иттің балалары Испанияны мысқылдайды, я, я. Бұлар қарақшы, ұрылар. Қайыршылар. Алып кетіндер өздерін, я, я. (Полицейскийлер балаларды ұстай бастайды. Олар бұлқынады. Қыздар жылайды. Балалар керіседі).

**Мари.** (Жалынып). Мұғалім мырза, біздің не жазығымыз бар?

**Оқытушы.** (Қолындағы сызғышын сілтеп). Алып кетіндер өздерін! (Полицейскийлер Антонионы, Периконы және Мариді ұрғылап, алып шығып кетеді).

Шымылдық.

### III-перде, IV-көрініс

Қабырғадағы бояуы оңып біткен ажарсыз, сұрғылт сот залы. Оң жақта үлкен стол. Стол үстінде графин, стакан, ұзын тұтқалы қоңырау, іс қағаздары. Стол артында судья, оның жанында секретарь қыз отыр. Залдың төр жағында, шетке таманырақ, ағаш решетка артында кішкене төрт бала. Бұларды бір фашист полицей күзетіп тұр. Тұтқын балалар бұрынғысынан көрі де тіпті алба-жұлба болған. Ауыр азыптан, қыйнаудан кейін көз айналасы күлтілдеп кеткен. Бірақ балалардың көздері әлі де жанарлы, өткір. Залда ер адамдар, қатын-қалаш, бала-шағалар. Отырған халық бір түрлі қобалжуда. Олар да өзара сөйлеседі, кейде ашулы ыза-

мен судьяға да қарап қояды. Балалардың қасына да келмекші болады, бірақ күзетші жібермейді.

**Судья.** (Шіңкілдеген әексұрын дауысты қоңырауды шылдыратады). Әй, адамдар шуламаңдар. Әйтпесе мен сендерді қазір қуып шығамын.

**Бір әйел.** Айтыңызшы, өтінем сізден, бұл сәбилерді не үшін соттайсыз?

**Дауыстар.** Қандай айыптары бар бұлардың?

**Судья.** Соңғы кезде біздің Испанияда тентектер тіпті көбейіп кетті. Бұлар өздерінің қайыршылығымен еліміздің сәнін де кетіріп болды. Бұлар бүгінгі күнін қайыршылықпен өткізсе, ертең ұрлық істейді, (қатты дауыспен) сонан әрі кісі де өлтіреді. (Тағы да қоңырауды қаттырақ шылдыратып қояды).

**Бір кісі.** Жұмыс беріңіз. Сонан соң жұмыс сағатын кемітіңіз.

**Дауыстар.** Я, жұмыс, жұмыс!...

**Судья.** (Қоңырауды қағып). Шуламаңыз. Әлі сот сөзі біткен жоқ. Бұдан ұш күн бұрын түнде Мадридтің ең үлкен көшесінде, құрметті полиция бастығы өлтірілген.

**Дауыс.** Құрметті болса, өлтірілмес еді.

**Судья.** (Шылдыратып). Я, кім айтты бұл сөзді, кім я? Кім айтты, ә? — (Айғайлап басылады).

1-дауыс. Ешкім де айтқан жоқ.

2-дауыс. Қорыққанға қос көрінген.



**Судья.** Сот сөзі әлі біткен жоқ. Кеше қаламыздың бір ізгі орнында...

**Дауыс.** Кабакта.

**Судья.** (Қатты шылдыратып). Я, кім айтты бұл сөзді, я? (Отырған халық тағы да кім айтты, я, — деп қолды). Әне, сол ізгі орнында, кеше түнде, елімізге алыстан келген қадірлі қонақ — американдық...

**Дауыс.** Біз күтпеген қадірсіз қонақ!...

**Судья.** Кім айтты, не деп айтты, ә?

**Дауыс.** Уақыт өтіп кетті, судья мырза.

**Судья.** Міне, сол американдық офицердің жүрегіне біреу қанжар қадаған және ол қанжарда жазу...

Дауыстар. Жазу?..

Судья. Жазу: соғыс өртіп тұтандырушы мырзалар, Испаниядан өкшелерінді көтеріндер! Әйтпесе, мырзалар, бәріне де осылай болады! — деп жазған жауыздар (тағы да қоңырауын шылдыратып қояды).

Дауыс. Дурыс айтқан!

Судья. Міне, қазіргі заман осындай! Мына кішкене зұлымдар да соларға барып қосыла мақ, алла өзін сақта!

Бір әйел. Бұлар қандай зұлымдық істеді?

Судья. (Шылдыратып). Істемегені не керек, бәрі бір бұлардың зұлымдық істеу қаупі бар.

Анита. Судья мырза, біздің Мари мектепте не туралы жазыпты?

Антонио. Оның не айыбы бар? Біздің не айыбымыз бар? Айтыңыз, мына отырған халық та естісін!

Судья. Саған әлі сөз берілген жоқ, кәззеп бала.

Антонио. (Айғайлап). Мен ұрлықпен ұсталғаным жоқ әлі. (Отырған халықта қозғалу, у-шу күшейе түседі).

Біреу. Не туралы жазыпты ол сәби, оқыңыз.

Дауыстар. Оқыңыз. Талап етеміз... (Судья ауызға ұрғандай жан-жағына алақтап қарап, қағаздарды бір алып, бір орнына қояды).

Судья. Мари Тәр Испанияны қорлаған (шыйқылдаған жағымсыз дауыспен тыжырына оқып бастайды). «Бақытсыз балалық шақ». Міне, қандай жаман атпен жазған өзінің шығармасын. Бұл өте қауіпті қыз. Менің әкем...

Дауыстар. Мари. Өзі оқысын.

Судья. Мә, оқы, қайыршы!

Мари. (Шашын серіп). Менің әкем адал, намысшыл кісі, жұмысшы еді. Ол да Испаниядағы миллиондаған адамдардай, көп уақытқа дейін жұмыссыз жүрді, жұмыс таба алмай әбден шаршап бітті ол. Сөйтіп, біз Испаниядағы миллиондаған адамдар сияқты, аш, жалаңаш күнелттік. Соның салдарынан менің әкем көкірек ауруынан өліп кетті. Ай, қандай мейірімді кісі еді ол. Сөйтіп, біз шешемізбен екеуміз ғана қалдық. Сонымен, мен Испаниядағы миллиондаған балалар сияқты бақытсыз болдым. Қараңғы түнде әлде қалай, қорқынышты бір адамдар келіп есік қақты. Бұлар асыр-тұсыр үйге кірді де, әкемді ұрып-ұрып түрмеге алып кетті.

Дауыстар. Не үшін?

Мари. Бүкіл Испанияны бақытты етпекшіміз біз қызым, дейтін ол маған (оқыды). Әкесіз қалғаннан кейін, мен мына сол жақсы көңілді...

Судья. (Шылдыратып). Ол сөзді айтпай-ақ қой...

Мари. (Оқыды). Біз не айыбы, не жазығы жоқ сәбилер Испаниядағы миллиондаған бақытсыз балалар тәрізді көшеде, қаңғып қалдық. Қала шетінде, қоқыр-соқыр арасында бір үңгірде өмір сүре бастадық.

Антонио. Үңгірде өмір сүреміз! Испандықтарға Испанияда енді орын болмай қалды. Испанияның зәулім әдемі үйінде соғысқұмар янкилар, келімсектер тұрады! Солар ғана рақат өмір сүреді!

Судья. (Қаттырақ шылдыратып). Әй, қайыршы бала, енді тіліңді тарт!

Мари. Бір кезде біздің бастығымыз Антонио...

Антонио. Я, мен ауыра бастадым.

Мари. Безгек.

Анита. Я, біз қатты қорықтық, сені өліп қалмаса, жарар еді делік!

Мари. (Оқып бастайды). Нан сатып алудың орнына, біз жолдасымыз Антониоға дәрі сатып алып ішкіздік.

Перико. (Қуанып Антонионы құшақтайды). Жігіт екен біздің Антонио, әйтеуір аман қалды!

Мари. (Оқыды). Біз жер бетінде адамдары қуанышты, шат, рақат, жайлы өмір сүретін бір ел бар деп естіген едік.

Перико. (Жігерлене, екпіндете). Я, үміт жұлдызы жарқырай жайнап тұрған Кремлі бар елдің барлық балалары бақытты, әдемі тұрмыста...

Антонио. Әлгі, биік-биік мұнараларында рубин тастары жарқырап тұрған Совет елінде, барлық балалар, бірі қалмастан, мектепке барады. Ал, бізге оқу деген қайда, әйтсе де біз оқып алмайтындығымызды жақсы сезетін едік!

Мари. Біздің де оқығымыз келеді. Бірақ...

Антонио. Өйткені, біздің елде...

Судья. (Тағы да қоңырауды қатты қағып) енді болды, қайыршылар. Жетті. Заңнан тыс сөйлейсіңдер. Мен сендерді қазір тура дарға асуға жіберем!

Мари. Хат әлі оқылып біткен жоқ, судья мырза.

Халық. Оқысын, оқысын.

Мари. (Оқып бастайды). Менің кішкене достарым өздері тамақ ішпей, нан жемей, кей уақыт қайыр сұрап, кей уақыт жұмыс істеп тапқан бірлі-жарым тиындарын жұмсап маған көйлек алып беріп, мені оқыту үшін қолынан келгенін істеді. Міне, бұл сорлы қыз (Анитаны құшақтап жылайды) аштан бұралып өліп қала жаздады. Сонда да сыр берген жоқ. Тек мені ғана оқытқысы келді достарымның. Өздері аш болса да, маған көйлек сатып алып берді бұлар. Бұл шын мейірім емес пе, судья мырза!

Дауыс. Осы да зұлымдық бола ма!..

Антонио. Міне, осы ғана біздің «зұлымдық!»

1-Дауыс. Сол үшін балаларға үкім кеспекісіңдер?

2-Дауыс. Бұлар көйлекті де ұрлап алмапты.



## Сайфуддин КИТЧЛУ



Сайфуддин Китчу — бүкіл индиялық Бейбітшілік Советінің председателі, бейбітшілік жолындағы қажырлы күрескер.

Сайфуддин Китчу жас кезінен өзінің туған қаласы Амритсардағы Индия еңбекшілерінің ауыр тұрмысын, қайыршылықтың астында күнелткен азатты өмірін көріп өсті. Индия халқын өз ішіндегі үстем тап өкілдері бір қласса, Англия империалистерінің екінші рет қанап отырғанын көрді ол. Китчудің өз халқына жаны ашыды, оның азат болуын арман етті.

Сайфуддин Китчу Алигархт университетін бітіріп, заң ғылымымен маманданды. Заң ғылымдарының докторы атағын алды.

Бұдан кейін Сайфуддин Китчу Индия халқының өздерінің езушілері мен қанаушыларына қарсы жүргізген күрестеріне араласады. Ол 1919—1922 жылдары Индияда болған ұлт-азаттық қозғалыстарына қатысады. «Менің суретімді көтерілісшілер митинг председателінің орнына апарып қойды» дейді ол. Көтеріліс кезінде Сайфуддин Китчу тұтқынға алынады. Өкімет оны қоғамдық тыныштықты бұзушы деп айыптап, өмірлік тұтқында ұстауға ұйғарады. Бірақ индия халқының ағылшын империалистеріне наразылығы күшейіп, олар екі жылдан кейін Сайфуддин Китчуді түрмеден босатуға мәжбүр болады.

Содан бері Ағылшын өкіметі Сайфуддин Китчуді 6 рет тұтқынға алды. Ол 10 жылдай уақытын түрмеде өткізді. Жалынды күрескер сонда да мойыған жоқ. Басынан өткізген азатты күндері Китчуді бейбітшілік жолындағы күреске жігерлендірді. Ол — дүние жүзіндегі бейбітшілік жолындағы күрестің көрнекті қайраткері, халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты. Бұл құрметті сыйлықты алып тұрып, Москвада ол: «индус халқы Совет Одағына қарсы қандай да болса соғысқа тікелей немесе жанама түрде қатысуға зорлап көндіре алатын ешқандай күш жер жүзінде жоқ», — деді.

Бұл индия халқы атынан сөйленген сөз еді.

3-дауыс. Ақша жыйып...

4-дауыс. Сатып алыпты..

Судья. (Қоңырауын шылдыратып). Бұлар қайыршылар, қауіпті адамдар. Испанияның..

Бір әйел. (Алға ентелей шығып) Бұлардың босатылуы керек!

(Еркектер тұтқындардың жаңына келе бастайды).

Халық. Бұлар босатылсын!

Бір еңгезердей кісі. Есікті мықтап жауып қойындар. (Күзетші полицей қашады. Судья дереу телефонға барады. Бірақ у-шу дабырлай түседі. Жыйылған кісілер балаларды решетка артынан алып шығады. Балаларды сүйеді. Бастарынан сыйпайды. Бәрі де қуанышты. Көздеріне жас алған).

1-әйел. (Анитаны құшақтап). Бұл жетім қызды мен өзіме алам, ештеп өмір сүріп кетерміз.

2-әйел. (Периконың басынан сүйіп) бұл өткір, жігерлі бала менікі болсын!

1-еркек. (Антонионы құшақтап) Атың кім?

Антонио. (Жігерлене) Антонно.

2-еркек. Міне, Антонио менің балам! (Топтанған халық тепсініп судьяға таман келе бастайды. Судья бұлардан қорқып, шегіне бүкшеңдеп бұрышқа кетеді. Ол сасқанынан екі қолын көтереді. Еңгезердей кісі екі жеңін түріп, білегін сыбанып, Мариді көтеріп алады да, отырған халыққа қарап сөйлей бастайды).

Еңгезердей кісі. Көп уақыт өтпей-ақ біздің Испания көгінде де нұр төккен күн туар! Өйткені Совет еліндегі үміт жұлдызының нұры күндей жарқырап, барған сайын жайнай түседі!.. Ал, аттандық қызу күреске, бауырлар!.. (Осы кезде сакна іші жарқылдап, түрлі түсті нұр шапағына бөленеді).

Шымылдық

Татаршадан аударған

Жақан СЫЗДЫҚОВ

## Сурақ

Вашингтон мектебі Жаратылыс Пәнінен өтіп жатты бір күн сабақ. Оқушылар құлақ сап отыр тыныш, Сөйлеп тұрған мұғалім Гарри заржақ.

Өзінше әрбір ұлтқа баға беріп, Жасалы біраз «талдау» негрлерге. Деді кыйлы өсекті айта келіп: — Малайлыққа жаралған бұл өмірде.

Бір оқушы шыдамай қойды сурақ: — Негрлер сіз айтқандай болса малай, Тыңдаған сұлу әнін әлем қалап, Атақты Поль Робсон шықты қалай!..—

Қалғандай тас тығылып тамағына, Мұғалім қалт етпестей қалды қатып. Ешнәрсе айта алмады жауабына, Жазықсыз жас баланы көзбен атып.

С. Сейтенов,

Шведі ауданы.

# Ира

Машқар ГУМЕРОВ

Әңгіме



Суреттерін салған А. Нестеров.

Ира біреудің келуін асыға күткендей дамылсыз елендеп, қатты мазасызданып, стол басында отыр еді. Бір сәт ол шыдамы таусылғандай, орнынан кенет ұшып тұрды да, аяғын ұшынан басып, терезеге барды. Асфальт көшенің үстімен зымырап, жүйткі ағылып, жеңіл машиналар өтіп жатыр. Құлаққа троллейбус сымдарының сынғырлай ызындаған үні, тротуармен өтіп жатқан адамдардың өзара сөйлескен дауысы естіледі. Ира терезеге ештелей түсті де, бетін әйнекке тақап, тротуарға көз жіберді. Бірақ, ол қанша үңілгенімен өтіп жатқандардың ішінен күткен адамын кездестіре алмады. Күткен адамының тезірек келе қоймағанына өкпелегендей, томсара қабағын түйді, не істерін білмей дал болды.

— Зейнептің өзі қызық!.. Ол жалғыз бүгін емес, түнеугүні де тап осылай кешігіп келген. Ал кейін бір сылтау тауып ала қояды. Әнеки, сағат тоғыз боп қалды. Токтай тұр, бәлем!..

...Ира да, Зейнеп те төртінші класта оқыйды. Зейнеп Ираның ең жақсы көрегін достарының бірі. Олар бірінің үйіне бірі жиі келіп, сабаққа да, көбінесе, бірге дайындалатын еді.

Бүгін, демалыс күні, төртінші класс оқушылары сағат онда түгел мектепке жыйналып, ұйымдасқан түрде емен жанғағын жыйнауға бармақшы. Зейнеп тапартенті сағат тоғызда жол-жөнскей Ираның үйіне соғып, мектепке өкеуі бірге бармақ болған. Сол Зейнеп әлі жоқ...

Ира тысқа жабырқаңқы жүзбен қарайды. Бұлт торлаған күз аспаны бұлыңғыр. Сонда да Алатау, оның қар жамылған жоталары қалаға жақындай түскендей өте анық көрінеді. Алатаудың төсіне тұмандай шұбатылып, мамықтай ұлпа ақша бұлттар кеп орнапты. Көзге таудан көп бермен, қала үстінде будақтап ұшқан қарақошқыл түтін шалынады. Иін тірескен, еңсесі биік зәулім үйлер көз тартады. Үш-төрт қатарлы үйлермен тетелесіп, тротуарды жағалай өскен сан алуан ағаштар қыймылсыз мүлгіп тұр. Бір қыз көшемен велосипед теуіп бара жатыр еді, Ира қызыққандай оған күмартқа қарады. Ол үрлеп терезенің әйнегін де-мімен буландырды да, саусағымен сызып, ве-

лосипед суретін сала қойды. «Мейлің, келмесең келмей-ақ қой! Әлі өзін-ақ іздеп келерсің. Ал сонда мен сенімен сөйлеспеймін де. Сол!.. Мен қазір велосипед тебемін», деп ойлады Ира.

Ол терезеден ойысып, стол қасына келді. Түнгі сменада жұмыс істеп, заводтан қайтқан папасы әлі ұйықтап жатыр. Ал мамасы мен ағасы Коляның қайда кеткенін кім білсін, әйтеуір, үйде жоқ...

Коляға жуырда папасы су жана велосипед сатып әперген еді. Былайша Коля сараң да сыяқты емес, әйтсе де, ол Ираға велосипедін тебуге әлі бір берген жоқ. Тек әне беремін, міне беремін деп сендірумен жүр. Онда да көзден таса қылмай, Ираның велосипед тепкенін өзі қарап тұрмақ. Ағасы оған «сен әлі кішкентайсың» деп сенбейтін сыяқты. Сондықтан ол Коляға да қатты өкпелі. Зейнептің кішкене велосипедін ол қашанғы сұрай бермек. Рас, Коля сөзіне берік, оның велосипедін кейін бір беретінінде сөз жоқ. Бірақ, Ираға кейін емес, тап қазір керек боп тұр ғой. Азар болса кейін теппей-ақ қояр, бәрі бір емес пе. Ол асыққаннан киімін де кимей, дереу үйден шығып кетті...

Ира велосипедті қарақөк қабығының бұдыры көп, кере құлаш жуан терекке сүйеді де, оның тетіктерін мұқият барлап өтті. Еш жерінде ақау жоқ. Дала қыстыгүнгідей суық, ызғарлы. Арықтың екі жақ жиегін ала жұқалаң мұз тұрыпты. Қурап, түрлі түске енген ағаш жапырақтары сылдыр қаға дөңгеленіп, тротуардың үстіне дамылсыз түсіп тұр. Әсіресе, алтындай сап-сары әрі басқа ағаштардікіне қарағанда ұсақ келген қайың жапырақтары өзгеше әсем дөңгеленіп ұшады.

Шуу дегенде Ира велосипедті жөндеп жүргізе алмады, біресе оңға, біресе солға қарай

қыйсая бұрылып, тәлтіректей берді. Сонсың, көп уақыт өтпей-ақ жөнделіп, дұрыс жүріп кетті. Ира іле тротуардың шетін жағалап, жүйткітіп ала жөнелді. Алқызыл галстугінің ұшы жалаудай желбіреп, нығына асылады. Қуанғаннан оның көңілі өсіп, қонырқай көздері сан төңкеріле күлім қағады. Аппақ жүзі суыққа қызарып, нарттай жайшайды...

Қоңырауды қайта-қайта шылдыратып, жұлдыздай ағып келе жатқан Ира тротуардың тап ортасында ойнап жүрген үш кішкене балаға таянып қалып еді. Байқаса, олардың ішінде қоңыраудың шылдырына құлақ қояр бірі жоқ: велосипедке қолдарын қарсы соза жүгіріп, әлденеге мәз боп күліседі. Ира жалма-жан рульді солға қарай сәл бұрыпқырады. Сөйтіп, ол кішкентай балалардың қасынан ақырын зырғып өте шықты. Бірақ, рульге ие бола алмай қалған Ира тап осы кезде базардан сүт әкеле жатқан бір кемпірге кел соғылды. Кемпірдің кішкене шелегі асфальт үстіне ұшып түсті де, салдыр қағып домалай жөнелді. Сүт төгіліп қалды.

Ира тек оң тізесінің ауырғаны болмаса, онша қатты құлаған жоқ. Әйтсе де ол, үрейленгендіктен болу керек, сұлқ түсіп жата берді. «Бір жағынан, кемпір қатты жығылса, немесе велосипед сынып қалса қайтемін!!» деген ой да оның зәресін ұшырды.

Аласа бойлы, ажымды бетінің қыртысы мол, ашаң жүзді қара кемпір салдыр қағып домалай жөнелген шелегіне көңіл де бөлген жоқ, дереу сұлап жатқан Ираның қасына жетіп келіп, қапсыра құшақтап, жерден оның басын көтерді.

— Қап! Мертігіп қалғаннан саумысың? Қай жерің ауырады, қарағым? — деді ол мейірімді үнмен қатты мазасызданып.

Осы сәт олардың қасына алқына дем алып, жүгіріп Зейнеп те жетті. Ол Ираның жығылғанын алыстан көріпті.

— Ирочка! Не ғып жығылды? — деді де, кенет оны құшақтай алып, жерден тұрғызуға әрекет жасады. — Қай жерің ауырады?!

Ира жерден ақырын ғана көтеріліп барып тұрып кетті.

— Менің еш жерім де ау-ауырған жоқ, — деді үрейі ұшқан Ира тұтыға сөйлеп. — Білдің бе! Осының бәріне де сен... сен кінәлісің!..

— Мен бе? — деді Зейнеп таңданып. — Мен қалай кінәлі боламын?..

Ираның мерткіпей, тез түрегелгеніне көңілі орныққан кемпір енді төгіліп қалған сүтіне қарап, басын шайқады.

— Айтқан уағында неге келмейсің? — деді Ира Зейнепке арқасын бере теріс айналып.



— Неге сонша асықтың? Сағат он болғанша әлі қайда. Мектепке қазір-ақ бармаймыз ба? Қыйт етсе, өкпелейтінің бар екен осы. Одан да мына әжәйден... — деді де Зейнеп кемпірге мойын бұрды. — Әже, Ираның байқаусызда соқтыққанын кешіріңіз, — деді Зейнеп, Ираның өзі біліп кешірім сұрай қоймағанына ынғайсыздана қызарып.

Сөйтті де, ол жүгіріп барып, кемпірдің шелегін әкеп берді.

— Қарақтарым-ау! — деді кемпір екі қызға кезек қарап. — Велосипедті тротуарға тебуге болмайды ғой. Біреуді қағып, біреуді соғып өтесіңдер, осыларын лайық па өздеріне? Бүйте берсеңдер, бір күні мертгіп қаласыңдар, я, машина басып кетеді. Жақсы бола ма сонсың?!

Ира ұяла қызарып, бірдеме айтқалы оқталып еді, бірақ кемпір бұрылып алып, дереу жүріп кетті. Кемпірдің реңжігенін, реңжімегенін кім білсін, Ираға ол әйтеуір, реңжіп кеткен сыяқты болып көрінді. Кім біледі, мүмкін, ол Ираны әдепсіз оқушы деп те ойлаған болар...

Велосипедтің еш жері бүлінбепті. Зейнеп велосипедті жайлап жерден көтерді де, үн-түнсіз Ираның үйіне қарай аяндай берді. Ира оған «Велосипедте жұмысын болмасын! Сенсіз де апарамын!» дегісі кел қанша оқталса да, үндеген жоқ. Ол терісі сыпырылып, қызарып, жұқалап қан шығып тұрған тізесіне қарап сәл тұрды да, аяғын ақсаңдай басып Зейнептің соңынан ерді.

Қыздар велосипедті ауыз үйге тастап, төргі бөлмеге кірді: Ираның папасы стол басында кітап оқып отыр еді. Есікке шұғыл мойын бұрған ол:

— Ирочка, саған не болған, неге ақсайсын? — деді елеңдеп.

Ира екі беті дуылдай қызарып, не айтарын білмегендей Зейнепке қарады. Зейнеп болған оқыйғаны бастан-аяқ баяндап берді, тіпті ол Ираның кемпірден кешірім сұрамағанын да, оның үстіне өкпелеп өзімен сөйлеспей қойғанын да айтып салды. Әкесі қызының тізесіне иод әкеп жақты да:

— Ирочка, сен Коляның велосипедін неге ұлықсатсыз алдың? — деп сұрады.

— Папа, Коляның өзі велосипедімді кейін бір берермін деген, бірақ маған кейін емес тап бүгін керек болды. Сонсын... Сонсын, әрине, алдым..., — деді Ира төмен қарап.

— Солай де. Онда Коля келген соң тағы сөйлесерміз. Ал, сүті төгіліп қалған әжеден кешірім сұрауың қажет еді ғой.

— Жоқ, папа, мен үрейленіп, кешірім сұрауды ұмытып кетіппін...

— Ал, өзіңнің досың Зейнепке неге өкпеледің?..

Не айтарын білмей, сасып қалған Ира қолымен желкесін қасып, жаңа көргендей, Зейнепке енді тесіле қарады. Бойы өзімен тетелес, қараторы жүзді Зейнеп сәл күлімсіреп тұр екен.


— Ирочка, неге үндемейсің?

— Папа! — деді Ира еркелей. — Мен Зейнепке тіпті де өкпелегем жоқ. Біз қазір мектепке бірге барамыз ғой. Сонсын орманда да бірге боламыз.

— Зейнептің өзі айтты ғой Ира өкпеледі деп.

— Жоқ... Жоқ, папочка! Мен әншейін... Тіпті жай... жай, — деді сасып қалған Ира.

Зейнеп мөлдіреген қара көздерін Ираға қандай түсіп, сәл төңкеріп қалды да, төмен қарап жымыйды...



## СЕ МАН ИР

Корей ақыны.

## Көпір

Бомба мына көпірді  
Болса тағы қыйратар,  
Біздің батыр халқымыз  
Көпірді қайта орнатар.

Тәулігіне дұшпандар  
Бомбаласа үш дүркін,  
Үш дүркін оның орнына  
Орнай қалар көпір тың.

Міне қарт, қолмен бетінің  
Терін сүртіп құрғатқан,  
Толқыны күрең өзен де  
Тік тұрып былай тіл қатқан:

«Жеріміздің — солдаттар —  
Қорғаушысы ержүрек,

Жеделдетіп жеңіске  
Жетугі үшін тезірек,—


Көпір етіп арқамды  
Төсей алсам, әттең мен,  
Мына өзенге көлденең  
Жата кеткен болар ем!»

Осы сөз: көзге көрінбес  
Көпір боп тұра қалады.  
Үстімен — бейбітшілікке  
Халықтар өтіп барады.

Өзендегі көпірді  
Тып-тыйпыл ғып құртқандай  
Дауыл да жоқ ешқандай,  
Бомба да жоқ ешқандай.

Аударған **С. Сеитов**





Колхозаралық электростанцияның үйі.

## ИЛЬИЧ НҰРЫ

Жеткіншек! Алда-жалда Алматы облысындағы Еңбекшіқазақ ауданына келе қалсаң, электр линиясын бойлап жаяу аралап өтем деп әуре болма. Неге десем, бұл линияны жаяу өту үшін саған талай күн керек болар еді. Өйткені, мұндағы электр линиясының ұзындығы бірнеше жүз километр. Ұлы елде туып, ұлы елде өсіп келе жатқан біздер әр істің байыбына барып, оның ұлылығын елеі бермейтінге ұқсаймыз. Ұлылық біздің өмірімізге сіңген, салтымызға енген ғой. Сондықтан сен осындай электр линиясын салуға жұмсалған еңбек пен күшті ойлап көрші, кәне!

...Бұдан он бес жыл бұрын Іле Алатауының басындағы Есік көлінен секіре құлаған Есік өзені өзіне тән долылықпен ақты да жатты. Елге сусынын бергені болмаса, жарытып ештеңе ұсынған жоқ-ты.

Колхоз болып бірігіп, қуаттанған қуанышты ел партия нұсқаған бақыттың кең жолына — алға қарады. Кешегі бүгінгіге өлшеу емес, барды қанағат тұту бізге жат! — деді олар. Осыдан он бес жыл бұрын Еңбекшіқазақ еңбекшілері үкіметтің көмегімен Есік өзені суын бұрып, он жақ қабақта қатарынан екі станция орнатты. Аудан Ильич нұрына шомылды. Төкпен бірге молшылық келе бастады, халық еңбегі жеңілденді. Біз осы туралы әңгімелейік.

\* \* \*

Су қой қырықты дегенді естуің бар ма? Жаздың алтап ыстығында колхоздың қой фермасының қасында қолына қырықтық алып, қары талғанша қой қырыққан аға мен әжені, аға мен апаны сен талай көрдің. Солай ғой, бұл адамды мекнатқа түсіретін ауыр жұмыс қой бір! Енді көрші. Дөң тұмсық, алпамса арқарқойдың қалың жабағысын тұтасымен түсіріп отырған анау Ворошилов атындағы колхоздың карт шопаны қырықтығын жайлап жылжыта береді. Жан қыйналмайды, қырықтық өзі қырқады. Сонау СЭС-тен сымды бойлап келген токтың күші бұл. Бұл қой қырқатын аппарат ауданның көптеген колхозында бар. Мұндай тамаша машина колхозшылардың байырғы құралына айналған.

...Мынау колхозаралық ағаш кесу пункті. Айнала тау-тау болып үйілген бөрене. Адам құшағы жетпейтін жуан бөренені қолтығына қысып, өзіне тартып бір мотор дамыл таппай зырылдайды. Болат тісті арагемірлер бір жоғары, бір төмен жылжыйды. Бер жақтан қарағанда тұтас бөрене болып көрінген әлгі ағаштың ар жағына барып қарасаң, қалыңдығы бірдей он екі тақтайды көресің. Моторды жүргізіп қойып, жай бақылап тұрған шал күнделік міндеттемесін асыра орындайды.

Өйтпесе, болмайды. Құрылыстар үшін тақтай керек. Мынау тақтай жаңа мектепке парта болар, әлде жас бөбектер асыр салып ойнайтын яслидің сдені болып төселер, әлде бір колхоздағы жаңа клубтың төбесіне жабылар — қайтсе де бейбіт халық игілігіне жұмсалады. Электр аралардың қуатына разы боласың да, осы ағашты қолмен кессе неше жыл керек болар еді деп ойға еріксіз шомасың.

Мынау Ярославский атындағы колхоздың товарлы-сүт фермасы. Мал жайылымнан қайтты. Кешкі сауын кезі. Тұлғалы жас әйел электр моторына жалғанған резина түтікті карақасқа сыйырдың емшегіне кигізе салды. Түтікті бойлап келген ақ сүт аузы жабық ақ шелекті әдегенше толтырды. Ақ халат киген сауыншы ауруханадағы күтушілерге ұқсайды. Толған шелекті көрші бөлмедегі сепараторға алып кетті бір әйел. Мынаның қызығына тоймай тұрған көз екінші жаққа бұрылды. Сепаратор да электр қуатымен жүреді екен. Үлкен бактын бір шүмегінен қою қаймақ ақса, екінші шүмегінен ақ сүт саулайды.

Санай берсек, электрдің елге беріп отырған игілігі мол. Ферма малының жемін жармалайтын дйрмен, жемшөбін (картоф, сәбіз, жемқзылша) тұрайтын корнерезка, сабанды ұнтайтын соломерезка, май бұлғайтын машина....

Бейбіт өмір құшағында халқымыздың мәдениеті де барған сайын өрлеуде. Аудан еңбекшілерінің денінде, радио репродукторды санамағанда радиоприемниктер қаншама...!

Біз Есік Пионерлер үйіне келгенде ұйымдасып радио тындап отырған бір топ пионерлерге кездестік. Радио Москва мен Алматы бокс-

шыларының қызық жарысы жөнінде хабар беріп жатты. Балалар приемниктің әр тұтқасын өздері бұрап, күйіне келтіре алады екен. Бұл да — электр игілігі.

Колхозшының үйіне келсең, ас пісіріп жатқан плитаны, жуылған киімді тегістеп жатқан электр утюгін көресің.

Ильич нұрының пайдасы осындай.

Осы қуатты таратушы күні-түні тынбай ток беретін селолық электр станциясы. Осы бір кіші-кірім завод цехына ұқсас алыпты бір машинист пен оның көмекшісі басқарады. Станция 18 колхозға, 2 МТС, 30 мектеп пен мәдениет мекемелеріне, 10 өндіріс орнына, асфальт-бетон заводына, бір совхозға электр қуатын береді. Бұл — күрделі механизм. Үлкен станцияның өзінен басқа аудан бойынша 52 кіші станция бар. Олар 10000 вольт кернеумен келген токты, 400 вольттік токқа айналдырып, тұтынушыларға жібереді.

Есік СЭС-інің директоры Шәріп Ахмедеев жолдас өте сыпайы адам екен. Өзі басқарып отырған мекеменің адамдары жөнінде мақтанышпен сөйледі де, өзі жөнінде айтпады.

— Біздің адамдар электр қуатын арзандату үшін жанқиярлықпен еңбек етуде. Бір мысал келтірейін. Барлық электр линиясы бойында он мыңнан аса ағаш бағана бар. Сол бағаналардың түбі көпке шыдамай, тез шіриді. Соларды ауыстыру жұмысшы қолын көп бөгейді. Әрі бағана қымбатқа түседі. Техникалық жетекші инженер Сухачев Иван Алексеевичтің ұсынысы бойынша біз бетоннан жанама тіреу жасап жатырмыз. Темір шыбықтар мен бетоннан жасалған тіреу 40—50 жылға жетеді. Бұл әрі арзан. Қазір талай бағананың тіреуін жаңаладық. Сөйтіп мемлекетке талай миллион сом пайда келтірілмек.

Темір-бетон тіреуді қолдану ісі — Совет Одағында тұңғыш рет Еңбекшіқазақ ауданында басталды.

Аудан еңбекшілері электр станцияның қуатын арттыруға үзбей атсалысады. Олар өз тілектерімен май айында жексембілікке келіп, 1500 метр жер қазды. Бұл жұмыста аудан орталығындағы қазақ орта мектебінің оқушылары да белсене жұмыс істеді. Быйыл жақсартылған СЭС-тің қуаты 1300 киловатқа жетпекші — аудан электр



Электростанцияның машина бөлмесінде.

қуатын бұрынғысынан да мол алатын болады.  
Тау бөктерінің қоңыр салқын самалды кеші.  
Бір шеті Талгарға, екінші шеті Шелек ауданына тірелген аймақты самала нұр жауып жіберді — 7000 тарта шам бірден жанды. Ысы жоқ, түтіні жоқ, жарығы мол мөлдір нұр! Ильич нұры.

Еңбекшіқазақ ауданы — жаппай электрленген аудан. Қайта туған Қазақстан өміріне бар түкпірден табыла кететін алуан айғақтың бірі — осы аудан өмірі.

Электр қуаты келумен бірге халыққа дәулет келді, аukatты-мәдениетті тұрмыс келді.

Біз айтып отырған электр станциясы — Қазақстандағы бесжылдықтар жемісі.


Жаппай электрленген бұл ауданның жана бесжылдықтағы болашағы да зор. Жана бесжылдықта қазір Отанымыздың орталық облыстарында қолданылып отырған электрлі трактор, электр комбайны Алатау бөктерінде де пайдаланылады.

Ауданда темекі егісі көп. Жыйналған темекіні кептіру колхозшыларды осы күнге дейін кыйлап келеді. Инженер И. Сухачев тапқан темекіні электрмен кептіру жабдығы быйылдар жұмысқа кіріседі.

Ильич нұрына бөленген ел дәулеттене түседі, коммунизмнің молшылық дәуіріне енеді.

**М. ӘЛІМБАЕВ,**

Есік селосы



Сыйырды электрмен сауу.

Суреттерді түсірген **П. Редько.**

**Дмитрий ГУЛИА**

Абхаздың халық ақышы.

## Ай туралы

Тауда серуен тамаша  
Туған айдың нұрымен.  
Қараңғы болса қайтесін,  
Құйса жаңбыр түсімен.  
Колхозда бар жаңа үй  
Емес биік, емес зор.  
Барлық жерге сымдардан  
Ток жүгіртін тұрады ол.  
Болса түн көз түрткісіз  
Қараңғыны ел білмес.  
Таудың іші толған ай!  
Айда енді жалқы емес.

## Доктор мен шал

Биік біздің деревня,  
Болғанымен тым шағын.  
Жұлдыздар тас төбеде  
Төмен жатыр — бұлт қазын.  
Жүреді доктор тар жолмен  
Қыпжылмайды жаңбырға  
— Ауырмандар, байқандар —  
Дейді кетер алдында.  
Жүзге келген бір қарт бар  
Докторға іштен жүр тынып:  
— Ауыратын аламға  
Бермейсің, — деп, — мүмкіндік.

Аударған **С. Мәуленов**

## „Әкел үйден қармағың“


Көзі түсті өзенге,  
Озат қалды ойланып.  
Жүзін өзен ішінде  
Ойнақ салды бір балық.  
Тоқта, мұны ұстайын! —  
Деді дағы,

өзенге.

Түсті Озат ақырын,  
Балық жүзген кезеңге,  
Ақырын ғана еппенен,  
Қолын суға малады.  
Қорыққаннан асығып,  
Жүрегі де соғады.  
Тышқан ұстап алатын  
Елті мысық секілді.  
Біздің Озат бір мезгіл  
Аққан суға секірді.  
Ерке балық өзеннің  
Сүңгіп кетті түбіне.  
Ирелендеп жатты оның  
Суға түскен ізі де!  
Басын судан шығарып,  
Аз аялдап тұрды ол,  
Қарады да Озатқа  
Қарқ-қарқ етіп күлді ол!  
«Кәне, елті болғансып,  
Мені ұстап алғаның?  
Ұстар болсаң балықты,  
Әкел үйден қармағың!»

**Жақан СЫЗДЫҚОВ.**

723579



# Алғашқы сапар

Нығмет ҒАБДУЛЛИН

Повесть

Суреттерін салған Н. Лебедев.

## I. МАЗАСЫЗ ТҮНДЕ.

Жатуға белгі берілгелі бірталай уақыт болса да, Жарқын әлі ұйықтаған жоқ. Бірінің артынан бірі тізбек-тізбек келген ойлар оны мүлде нықтап алды. Әсіресе, қатты мазалап, ұйқысын кетірген бүгінгі жай.

Жатқан адам ойға шомғанда ұйқысы шайдай ашылып, кейде түн бойы көз ізмей шығатын бір шақ болады ғой. Бұл халде адам өзімен өзі болып, бір ой-қыялдардың соңына түседі. Жүйрік ой бірде кейін оралып өткенді еске түсірсе, бірде алды барлап болашақты көз алдына әкеледі.

Жарқын осы күйде еді. Жылы түбіт одеялосының бір шетімен негін бүркеп, аққұба дөңгелек жүзі қызғылт тартып, ұйқысыз жатыр. Өзімен бірге оқыйтын, әрі түйдей құрдас Мақметпен қалайша қарысып қалғанының себебін таба алмайды. Қызбалық па? Әлде Мақмет ойлағандай өзін басқадан жоғары санағандықтан ба? Жарқын сол баламен тіпті ойламаған жерде керісіп қалды. Екеуі ерекше дос еді ғой бұрыннан!

Жарқын Мақметті ашық мінезді, көңілді бала деп ойлайтын. Онымен ең алғаш танысқан сәтте-ақ Мақмет мінезі Жарқынға қатты ұнаған. Сол көңілді баламен бірінші рет қалай танысқаны түсті Жарқынның есіне.

Темір жол училищесіне оқуға кіруге келген күні, түс кезінде, Жарқын училищенің спорт алаңында волейбол ойнап жатқан балаларға бір шеттен қызыға қарап тұрған еді. Ойын аяқталған кезде орта бойлы, толықша, сығыр көз бір бала оған жүгіріп келіп:

— Біздің команда қалай ойнады, балақай, ә!,— деді жымыңдап. Ол күлімдеп сөйлегенде кішкене көздері Жарқынға біржола жұмылып кеткендей көрінді.— Ойынды басынан қарап тұрмысың өзін?.. Ендеше біліп қой. Біздер осал спортшылар емеспіз. Біздің команда, мінеки, осымен үш рет қатарынан жеңді. Енді ең таңдау-

лы волейболшылармен ғана ойнаймыз.— Ол кейін бұрылып сетканың қасына барды да, бір баланың қолындағы допты қағып алып, қолтығына қысып, бар даусымен әмір бере сөйледі.— Қане, кім өзі тіленіп шығады? Қол көтеріңдер!.. Бір, екі... жеті. Түсіріңдер, жетеді енді. Команда толық...

Жарқынға бұл бала асқан бір спортшы сияқты болып көрінді. «Мүмкін, ол керемет чемпион шығар» деп ойлады ол.

Келесі күні Жарқын училище директорының кабинетінен шыға берген бетінде залда кешегі сығыр көз бала кездесе кетті.

— Амансың ба, ей бала? — деді ол Жарқынды бұрыннан білетін ересек адамша даусын көтере сөйлеп.— Неғып жүрсің мұнда?

— Темір жол училищесіне оқуға түсуге келген едім,— деп Жарқын жөнін айтты.

— Қайдан?

— «Алғабас» колхозынан.

— А-а-а,— деді анау даусын созып, шұлғып тұрып.— Соданмын де. Білемін. Жақсы білем. «Алғабаста» болғаным бар. «Алғабас» бұл арадан 10 километр ғой?..

— Ал, қалай болды? Училищеге алды ма?

— Я, алды.

— Қай бөлімге түстің?

— Машинистің жәрдемшісін даярлайтын бөлімге.

— Бірге оқыйтын болдың ғой онда бізбен,— деді анау Жарқынға кішкене көздерін одан сайып сығырайтып.— Қел, танысайық... Атың кім?

— Жарқын.

— Менің атым Мақмет. Фамилиям Оразбеков. Ұмытпа! Мен көрші станциядан келдім.— Ол залдағы арнаулы тақтаға жапсырылған қағазды көрсетті.— Расписаниеңі оқыдың ба? Үш күннен соң бірінші қабылдау емтиханын тапсырамыз.

— Жоқ, мен емтихан тапсырмаймын,— деді Жарқын.  
— Неге тапсырмайсың? Соншалық қайдан келіп ең сен!

— Мен ауылдағы жетіжылдық мектепті барлық сабақтан «беспен» бітірген едім. Училище директоры мені сынақсыз аламыз деді.

Жарқын бұл сөзді қуанышын араластыра салмақпен айтты.

— Охо! — деп Мақмет түсін кенет құбылтып, Жарқынға абаймен қарады.— Жарайсың онда!

Жарқын Мақметпен басқадан бұрын танысқанына қуанды. Оған жақындай түсіп:

— Маған бесінші бөлмеге орналасуға қағаз берді. Мұнда кімдер тұрады екен, ә? Өзің қай бөлмеде тұрасың? — деді.

Мақмет оның қолындағы қағазды тез алып оқыды да, оқыс мінез көрсетіп:

— Жүр ендеше! — деп Жарқынды қолынан жетектеп аң жатақханаға қарай жүгіртіп ала жөнелді.

Бесінші бөлмеде төрт бала тұрады екен. Қаз-қатар қойылған біркелкі әдемі койкалардың үстіндегі төсекте сәнді жыйпалған. Койка аралығында қоңыр сырмен боялған шағын-шағын тумбочкалар тұр.

— Бұл бала осы бөлмеде жатады. Бізбен бірге оқыйды. Оқу отличнигі,— деп Жарқын жайында есіктен сөйлей енген Мақмет бөлмедегі балалардың әрқайсысының аты-жөнін айтып, жеке-жеке мінездеме беріп, жана келген балаға жағалай таныстырып өтті.

Бұл кезде бөлмедегілердің бәрі де орындарынан түрегеліп еді.

— Ал, енді біліп қойындар. Бұл Жарқын Досов деген бала,— деп Мақмет Жарқынның да ат-жөнін, қай жерлік екенін, оқуға емтихансыз алынғанын — бәрін сыпыртып айтып шыққан-ды.

Жарқын әлі ояу. ұйқтаған жоқ. Өзінің училищеге тұңғыш келген күнін, Мақметпен алғаш танысқанын, бесінші бөлмедегі осы сөздерді еске алады. Көңілді бала! Тарам-тарам ойларын түйіндей алмай, ұйқысы қашқан Жарқын Мақмет жөніндегі осы өз бағасының салмағын енді өлшеп жатқандай. Үлкен қара көздерін ашыңқырап, қабағын сәл жоғары көтеріп, сол жағына аунап түсіп, қайта ойға шомды. Оның училищеге оқуға келгеннен бергі бірінші рет ұйқысы қашқан түні осы болар.

Бірінші оқу жылының бастапқы айларында-ақ Жарқын өзінің ұғымталдығымен, тәртіптілігімен көзге түсіп еді. Ол училищенің бірінші жылын үздік бітірді. Алдыңғы қатарлы озаттар тобына қосылды.

Ал, бүгін ше?.. Жарқынның ескерту алуына кінәлі кім? Мақмет кеп қактықпағанда ол тыныш қана келіп жатушы еді ғой. Я, я, сол Оразбеков... Бірақ, Мақметті кеудесінен итеріп жібермей-ақ сабырмен сөйлесуге, терістігін сөйтіп ұғынтуға болмайтын ба еді? Қанша керек еді қызбалық!.. Мақметпен қалайша қағысып қалғаны тағы да есіне түсті Жарқынның.

Кеше оқушылардың техникалық конференциясында екеуі де баяндама жасаған-ды. Балалар екеуін де мақтатқан. Жұрттың соңын ала сөйлеген Жарқын ғана Мақметтің баяндамасының бір кемістігін көрсетіп еді. Мақмет паровоздың бу трубаларын оңдау жолын саралап келіп, трубаларды жөндеуден соң оларды су қысымы арқылы сыннан өткізу қажеттігін айтпай кетті. Сөйтіп, балалардың білгісі кеп күтіп отырған жайын елеусіз қалдырды. Жарқын осы мінді дұрыс танып айтқан. Оразбеков оның бұл сынын ұнатпай қалды. Орнынан ұшып тұрып дауласа кеткісі келді. Бірақ, конференция ғой. Ол бұртыйып, қабағын түйіп Жарқынға қарап сәл төзіп отырды да, шалбарының қалтасынан көк тысты дәптерін суырып алып, қарындашы шошаң-шошаң етіп әлденені асығыс жаза бастады. Жылтыр дәптер бетіне мынадай сөздер түсіп еді: «Әй Жарқын, мұның ештеңе таба алмағандықтан, әйтеуір бірдене айтып жармасып

қалу ғой. Ұғып қой, достым, мұндай бұра тартқаныңа жол бермеймін. Мақмет».

Оразбеков осы қағазын Жарқынға жөнелтіп жіберіп, оның қыймыл құбылысын баға қалып еді: «Өз баяндамама ғана жақсы боп, көзге түссін дейсің ғой. Болмас оның» деген кекесін оймен қараған.

Конференциядан шыққан бетінде ол «сенімен сөйлесуім керек, тоқтай тұр» деп Жарқынға жанаса кетті.

— Сөз біреу-ақ,— деді Оразбеков зілі бар қатқыл үнмен.— Менің баяндамама жармасқандағы сенің ойың не?

Бұл тұтқыйыл сұрауға Жарқын таңырқай жауап қатты:

— Қандай ойды сұрайсың?

— Екіленіп сөйлесің ғой. Сондағы ойың не деймін?

— Соншама сен кім едің?.. Сен білгенді мен де білемін,— деді Мақмет ашулы беті қызарып.— Өзінің баяндамама басқадан артық болсын деп сынадың сен мені. Рас па? Рас, Байқан қара көзіңе. Мұнына көнбеспіз, Группорг!

Ол соңғы сөйлемін мысқылмен қайырды.

Жарқынның қабағы сәл түйіліп, өңі қызараңдай қап еді.

— Мақмет, кемшілікті мойындау керек! — деді ол тік келіп.

— Кемшілік... Маған ақыл үйрететін сен емес. Білдің бе? — деп Мақмет ұшы жұмырлана біткен шолақ мұрынын жоғары көтерді.

Екеуі жатақханаға дауласа жетіп, табалдырыққа қатар шыға беріп еді. Мақмет Жарқынды жеңінен тартып тоқтатты:

— Бұдан былай менде шаруаң болмасын,— деп ескертті.

— Ерсі мінезінді сен де тый,— деді Жарқын.

«Ерсі мінез» дегенді Мақмет шам көріп қалды.

— Ал, егер қоймасам... Мені училищеден шығартып жібермекпісің? Не істемекші ең сонда? — деді қалың ерні дірілдеп.

— Оны өзім білемін. Көресің,— деді Жарқын.

— Қарай гөр, мықтымсынуың,— деп Мақмет сүзіп қалағындай басын тұқырып алып, оны иығымен қағып өгіп, кимелей ішке кіре беріп еді. Жарқын кеудесінен серпе итеріп жіберді. Бір жамбастап жантая кимелеген Мақмет оқыс шайқалып, құлай жаздап, тәлтіректен



барып қалды. Есіктің оң жақ бүйіріндегі терезеге шынтағы тиіп, бір көзін сындырып кетті. Ол етегі желбен етіп табаадырыққа іле секіріп шығып, Жарқынды жағадан ала бергенде:

— Досов, Оразбеков, сендерге не болды? — деген дауысты естіді. Артына жалт бұрылып қарады, Жағаға жармасқан қолы жазылып кетті.

Бұлардан сәл қашық, училищенің комсоргі, армия қатарынан тазуда қайтқан сұңғақ бойлы, ағ жақты, ақсұр жас жігіт Есен келе жатыр еді..

\*\*\*

Досов комитетке келгенде өндірістік оқудың мастері Иван Павлович пен Есен Мақметпен сөйлесіп отыр еді. Залда бойын түзеп, бас киімін қолына алып, есікті сыпайы қағып, ішке енген Жарқын кіре беріп босаға жақта тұрып қалды.

Есен алдында жатқан қағазлы столдың бір шетіне алып қойды да, оң қолымен Жарқынға қарсысындағы екінші орындықты нұсқан қотыр, Досов» деді.

Жарқын Мақметке қарам-қарсы отырды. Мақмет елеусіз пішімен оған көз қыйырын тастады. Осы сәт Жарқынның көзі де бұған түсіп кетіп еді. Қара көздер кенет кездесіп, тайсалмай қарасып қалды да, бір-бірін жасқанша алмай тайқактан кетті.

Бәріне де айыңкер Мақмет пе? Жоқ, бұл ойдан ол мүлде аулақ еді. Жарқынға көзі түсіп кеткенде Мақметтің ұнатпаған қабаты түйіле қалды. Денесі ду етіп қызғандай бол, өңі сұрланып Жарқын отырды.

— Бұларын қалай, балалар? — деп әуелі сұрақ қоя сәл бөгелді Иван Павлович, — темір жол училищесінің оқушылары. Ертең паровоз жүргізушінің бірі болып шығасындар. Осы атқа лайық па істерің? Қане, өзің айтшы, Оразбеков.

— Лайық емес, — деп күмілжиді Мақмет.

— Әрине, солай..

— Бірақ кінәлі мен емесің ғой, Иван Павлович, — деп Мақмет бар айыпты Жарқынға аударғысы келді Есен оған:

— Сен бе, басқа ма, мұның шындығына жолдастарын өздері қанар, — деп көптің талқысына түсетінін аңғартты..

Мастер мен Есен группортпен оңаша қалып сөйлесіп еді.

— Жағаласып қалыпсындар. Бұларын жарамаған, Досов. Өзің оқу олатысың. Өзің комсомол тобының жетекшісің. Саған басқаларға үлгі болу керек қой. Ал, сен төбелеске өзің жол бересің. Бұл қалай? Үлгілі оқушы осылай ете ме?.. Дұрыс емес, Досов, дұрыс емес, — деп қарт мастер группортке ауыр кінә қойып еді.

Жарқынның дәңгелек жүзі бір қызарып, бір қуарып отырды.

— Иван Павлович, өзім де білмеймін.. Тіпті, күтпеген жерде оқыс итеріп қалдым.. — дегенде оның бет ұшындағы қызылға рең күрешітіп кетті.

Жарқынның училищеге оқуға түскелі бірінші алған ескертуді осы жолы еді. Училищені біржола бітіріп шығуға аз айлар қалғанда, тағуда үлкен таңсырма алып, өндірістік тәжірибеге шыққалы отырғанда алған ескертуді. Ол екі беті жанып бара жатқандай дуылдап өзін-өзі іштей кінәлай, сынай кабинеттен ұялып шықты.

Енді міне, ойлар буып, ұйқысы қашуының маңісі сол еді. Бесінші бөлмедегі бұдан басқа балалардың бәрі де мана ұйықтап қалды. Қыялдағыш, ынтықшы Саша Бондарчук, мүмкін, күндізгі әдемі ойлары түсіне еніп, рақаттанып жатқан-ақ болар. Жүн байпағын шешпестен, аяғын ешпен басып келіп шамды өзі өшіріп жатқан жай мінезді, момын Жаканның тіпті дем алғаны да білінбейді. Бөлме іші тым-тырыс. Терезеден жарық айдың өлеусіреген әлсіз нұры еденге дірілдей түсіп тұр. Залдан училище кезекшісі мен тәрбиешінің сөйлескен дауыстары естіледі. Жарқыннан басқаның



бәрі де тәтті ұйқы қушағында. Ол тағы бір аунап түсіп, ақ простинаямен басын тұмшалап орап алып, ұйқысыз көзін еріксіз жұмды. Жемте тойған бәденмен бұрып жатса да, ұйқысы келмеді оның. Бүгінгі жайлар шегеленіп қалғандай ойында іркіліп тұрып алды. Бұлардан айықпай Жарқын қалай көз ілсің!..

## 2. ТАЛҚЫ.

Есenniң сөзінен көңіліне бір түйгені бар еді Мақметтің. Ойлап қараса, өзінің ісі жөн сыяқты. Еш міні жоқтай. Комитет те, комсорг та оны қостайтындей көрінді. Бәріне кінәлі Жарқын. Соның еңна кесірінен сөзге ілкіті Мақмет.. Жыйналыста балалар не дер екен? Мақметті жақсып, Жарқынды қызартар ма? Әлде.. Жоқ, жоқ. Мүмкін емес бұл. Олар мені қостайды.

Машинист жәрдемшісі бөлімінің оқушылары өндірістік сабақтың соңынан комсомол жыйналысына жыйылғанда Мақметке осы ойлар келіп еді. Жарқын: «Әңгіме Оразбеков Мақметтің тәртібі туралы» дегенде ол екі көзі Жарқынды жеп жіберердей жайнап, оған қадала қалды. Толық бет-аузы ашумен долырып, бетіне қаны ойнап шыға келді.

Жарқын Мақметтің кешегі қылығын баяндап тұрғанда, ол ішінен «мен бе екем айыпты? Өзіңді неге айтпайсың? Тәртіпсіздігіңді неге жасырасың» деп ызаланып қызаран-қызаран етіп отырды.

— Ендігісін Оразбековтың өзі айтсын, — деп ұсыныс тастады алдыңғы қатарда отырған бір бала. Бұған ұласа бірнеше дауыс қосыла кетті:

— Болған істі өз аузынан естің.

— Я, өзі сөйлесін.

— Несі бар. Айтамын бәрің, — деп Мақмет орнынан атып тұрды. Жел жайқаған егіндей талай бастар оған жапырыла қарай қалып еді.

— Сөйлей берейін бе? — деді Мақмет зілді дауыспен Жарқынға.

Комсомол жыйналысында тәртібі қаралып отырған оқушының бұл содыр өктемдігін Есен жақтырмай қарап еді.

— Оразбеков, бері шық. Жолдастарыңның алдында тұрып айт,— деді ол қатқыл үнмен.

Аяғын тік-тік басып Мақмет көптің алдына шықты. Жарланып түйіле қалған қабағының астынан кішкене көздері от шашып тұр.

— Мен айыпты емеспін. Бәріне кінәлі мынау,— деп ол мойнын бұра беріп, көзін жарқ еткізіп Жарқынға аударды.

— Өзінің баяндамасы басқадан артық болу үшін конференцияда Досов мені әдейі сынады. Бұл бәріне де белгілі... Ол өзін басқа балалардан артық санайды. Мен бәрін білемін деп кеудесін қағады. Мұндай адамның группорт екені кімге қажет! Досов өзінің тәртібі туралы неге айтпады жаңа? Ол айтпаса, мен айтайын.

— Сен әуелі өзінің тәртібің жөнінде сөйле. Жолдастарыңның сенен күтіп отырғаны осы,— деді президиум столында отырған Есен Мақметтің сөзін бөліп.

— Өзім туралы не айтамын? — деп таңырқанды Мақмет.

— Техконференциядан шыққан бойда қандай тәртіпсіздік жасадың? Мәселе осы жөнінде болып отыр ғой,— деді Жарқын.

Мақмет бар денесімен артына бұрылып, Жарқынға тура қарап бетпе-бет тұрып:

— Сенің тәртібің жетісіп тұрған шығар,— деді кекетіп.

Орта кезде отырған, үстіне қара китель киген, сұңғақ бойлы, томақ бет бір оқушы қолын көтеріп:

— Бір ұсыныс айтуға бола ма? — деді түрегеліп.

— Болады.

Әлгі оқушы физкультура сабағында оқытушыға рапорт берген кезекшідей тақ-тақ сөйледі:

— Оразбековтың осы тұрысы мен жаңағы сөздерінің өзі-ақ оның тәртіпсіздігін көрсетеді. Сұрақ біреу-ақ: Оразбеков тәртіпсіздігін мойнына ала ма, жоқ па? Тұрасын айтсын.


Тосын туған осы бір сұрақ Мақметті селт еткізді. Балалардың барлығы мұны жақтаса керек еді ғой. Енді байқаса, олардың беті бұдан ауып бара жатқандай. Мына сұрау соны аңғартады. Мақмет ойланyp тұр. «Не деп жауап қатсам екен, — дейді ішінен, — сөзімді неден бастағаным жөн?.. Жарқыннан бастап, Жарқынмен аяқтайын. Білсін бәрі. Көрсін. Көзі жетсін».

Көкейіне осы ой кеп қона қалғанда, тіл ұшына бір сөздер лықылдап келіп те қалды Мақметтің. Түйіскен еріпдері бірінен-бірі сәл қашықтай бергенде, иіріліп тұрған сөздер сыртқа ұшып-ұшып шыға келді. Кешегі жайды айтты ол. Өзіне шаң жуытар түрі жоқ. Жарқынды сынаудан бастады да, бар кінәні соған аударып барады...

— Комсомол жыйналысы ең алдымен Жарқынның тәртібін қарау керек. Ол өзін ақтап, мені қаралағысы келді. Маған тәртіпсіздің деп балалардың ешбіреуі айта алмайды. Өйткені, бұған ешқандай дәлелі жоқ...

Ол оқушылар қойған сұрауларға бөгелмей тез-тез шолақ жауап катып, орнына барып отырды. «Балалар назары өзіме ауды. Олар қазір Жарқынды сынайды. Халің сосын қалай болар екен, бәлем» деп көңілдене ойлады Мақмет. Маңына көзінің қыйығын тастап, ол барлау жасады.

Машинист жәрдемшісі бөлімінің старостасы, орта бойлы, талдырмаштау келген сары бала Жақан сөз алып еді. Мақмет әйтеке шалқая түсіп, оған жүзін аударып, сол жағына бұрылыққырап отырды.



Жақан дәлелді жақыннан тапты. Мақметтің осы әлгінде жұрт алдында, өзін қалай ұстап, қалай сөйлегенін жай ғана бастады да, сөзін асықпай өрістетіп әрі дамытып әкетті. Дәлелі ойлы да, тартымды. Оразбековтың өзімшілдік қылығын ол соңғы кездерде аз-аздап сезіп те жүр еді. Бықсып келген сол мінез лап етіп жанып отыр. Кінәсін мойындамады Мақмет. Әлі лапылдап тұр. Бүгінгі жыйналыс тезге салуы керек оны. Жақан ойында осы ғана бар еді. Ол бір сұрақтар тастап, сәл бөгелді:

— Комсомол жыйналысы Мақметтің тәртібін неге қарап отыр? Мақмет қазір не айтуы керек еді?

Өз-өзінен тынышы кетіп, қозғалақтап, мазасызданған Мақмет басын жоғары көтеріп алды. Жақанның сөзі ашуын қыз-қыз қайнатып кеткендей.

— Жарқын Мақметтің баяндамасын техконференцияда әдейі сынады ма? Жоқ. Баяндаманың кемшілігі бар. Ол соны көрсетті. Бұл — жолдастық көмек. Мақмет мұны түсінбеді,— деді Жақан.

— Мен түсінемін. Ол мені әдейі сынады,— деп төзімі таусылған Мақмет үн қатып қалды.

— Әлі түсінген жоқсың,— деді Жақан. Ол Мақметтің бар мінін бетіне басты:

— Өзімшілсің. Менің айтқаным тура дейсін. Жолдастарыңның сөзін тыңдағың да келмейді. Бұл не тәртіпсіздік емей?

— Әрине, тәртіпсіздік,— деді Мақметтің оң жағында дағы көршісі. Оразбеков оған қабағын түйіп бір қарап қойды.

Жақан соңғы күндерде Мақмет бойынан өзі аңдаған кемістікті жайып келіп, енді оның бүгінгі жыйналыстағы тәртібіне оралып еді. Бұл арада даусы көтерілкі де, қатты да шықты:

— Ол жыйналысты елемеді. Коллективті қадірлемеді. Комсомол жыйналысының үстінде тәртіпсіздік жасады. Мұндай ерсі мінез темір жол училищесі оқушысының атына лайық емес.

Жақанның сөзі балалардың ойымен ұнтасып кетіп еді. Зал іші гу-гу етті.

— Комсомол жыйналысы Оразбековке сөгіс беру керек.

— Оның тәртібі училище комсомолецтерінің жалпы жыйналысында қаралсын.

— Ол жөнінде дирекцияға да айтылсын.

— Ерсі мінездерінің бәрін қалдырмай тізіп, оның үйіне хат жазу керек,— десіп оқушылар жамырай ұсыныс енгізіп жатты.

— Балалар, тыйышталындар,— деді Жарқын тәртіпке шақырып,— пікірлерінді кезектесіп айтындар.

Бірнеше қол қатар көтерілді. Бойы да ұзын, қолы да ұзын Саша Бондарчук сөз алды. Ол аласа орындығынан сұңғақ бойы иіліп түрегелгенде, Мақметтің көңілінде үміт оты тұтана қалды. Екеуі ерекше дос болатын. Және де техникалық конференцияда Мақметтің баяндамасын жұрттан бұрын ең алдымен мақтаған сол еді. «Мені Саша жақтайды,— деп ойлады ол,— Саша істің жайын жақсы түсінетін бала... Сынап бір берші Жарқынды. Мақтап бір берші мені».

Әлгінде Жақанды да ұнатпай қалған еді Мақмет. Саша қазір оны да сөзбен іліп кетеді деген тағы да бір ой Оразбековтың басына жүгіріп келді.

Саша Бондарчук оң жағына жыға қайырған сары бұйра шашын кейін сыра бір сыйнап, бойын түзеп:

— Біздер болашақ машинистерміз. Біздер дақты совет жұмысшыларының қатарына қосылатын резервтерміз. Сондықтан біз қандай болуымыз керек? — деп көптің жүрегіндегі сөзін алға тартты да, шұғыл бұрылып, Мақмет жайына ойысты. — Турасын айту керек: Мақмет, сенің ісің дұрыс емес... Ең басынан түсейік. Конференцияда сенің баяндамаңды ең алдымен мен мақтадым. Бірақ, кемшілігін көрсете алмадым. Ал, Жарқын оны көрді. Және жақсы дәлелдеді. Баяндамаңда олқылық бар. Онда ешбір кіршік жоқ деуің теріс.

Ол сөйлер алдында көңілін үміт көтере қойған Мақмет сылқ отырып қалды. Сашаға бұрыла қалған басы жаптайып келіп төмен иілді, зіл басқандай тұқыра салбырады. Саша досы қатаң айып артып тұр:

— Баяндамаңды сынады деп Мақметтің Жарқынмен керісуі тәртіпсіздік. Мұндай мінез біздің бөлімнің атына, училищенің атына кір келтіреді.

— Әрине, кір келтіреді,— деп Сашаны қостады бір оқушы.

«Кір келтіреді». Осы бір сөз жанына батып кетті Мақметтің. Өзінің сүйікті училищесін ол да жақсы көреді. Мамандыққа баулыр ұясын ол да қадірлейді, сонда оқып жүргеніне мақтанады. Оның өз ұясының жақсы түлегі болғысы келеді. Училище атағына кір келер деп ойламаған Мақмет. Енді абайлап қараса, көп пікірі бір

арнаға сайып барады, «Оразбеков тәртіпсіз, ол училище атағына кір келтірді». Тағар кінә осы ғана сыяқтанады. Жоқ, жоқ, Мақмет училищесін сүйеді...

«Бірақ, бәріне кінәлі мен бе? Жарқын ше? Мені кеудемнен итеріп жіберген сол ғой. Бұл тәртіпсіздік емес пе?» деп ойлады Мақмет.

Саша: «Енді біраз сөз Жарқын туралы» дей бергенде, ол төмен иілген басын тез жоғары көтеріп алып Бондарчукке қарады. Шаяндай қызарып отырған жүзіне ақшыл бір рең шыға келіп, кескіні сұрғылт тартты.

Саша бүгінгі осы жыйналыс үстінде Жарқынның басынан бір кемшілік тауып отыр еді. Сол ойын сыртқа шығарды.

— Жарқын, сен де кінәлісің. Біріншіден, жатақхана алдында керісулерің теріс. Екіншіден, Оразбековты кеудеден итеріп қалуың теріс. Мақмет саған жөнсіз соқтыққан екен, жанжал шығарған екен. Олай болса, көпшіліктің алдына ол жөнінде мәселе қою керек еді. Бүйтудің орнына, сен оған қол жұмсайсың... Ал, бүгінгі жыйналыста өз кемшілігің туралы ештеңе айтпадың. Бұл да теріс,— деді.

Группорг қызара түсіп төмен қарады. Шын жүректен шыққан дос сыны. Дұрыс айтады Саша. Өз кемшілігін көрсетуі керек еді Жарқынның. Досов мұны енді сезіп, ұялғандай кейіпте...

Осы комсомол жыйналысында Жарқын дос коллективтің үлкен күшін терең ұғына түскендей болды. Бәріне кінәлі Мақмет деп ойлаған-ды. Байқаса, өзінде де кемшілік бардай. Көптің көзі көреген. Терең іште жатқан сырды да андап қалыпты. Өзімізді Мақмет те тезге түсіп, морт мінезі иіліп жасығандай. Көп сынының ортасында қалғанда қатты қызарып, мұрнының ұшынан шып-шып салқын тер шықты. Кең зал оған сол сәт тартылып кеткендей көрінді. Қабырғалардың арасында қысылып қалғандай қыйын халге түсіп еді. Бірақ, көңілінде әлі де тармаған, әлі де сезіне қоймаған бір реңкіс ойы бардай.

Жыйналыстан шыққан бетінде ол Сашаға оңашалап: — Шынықты айтшы, бәріне кінәлі менмін бе? — деп еді.

— Жыйналыс қалай ұйғарды. Мен соны қостаймын,— деді Саша.

Мақмет үнсіз тұрып қалды. Ал жыйналыс бұған ең алдымен «Сенің ісің теріс», деген еді.

*(Жалғасы бар.)*



## Хаюанаттар паркінде

Алматының хаюанаттар паркінде терең көл бар. Көлдің жағасына қарақоға, шалғын қалың болып шыққан. Міне, осы терең көлдің суының бетінде құстардың неше алуан түрлері жүзеді. Мұнан аққуды, қазды, үйректің неше түрлерін, көкқұтанды тағы басқаларын көресің. Олардың біреулері көл бетінде жүзсе, біреулері көл жағасындағы шалғында саялайды.

Бұл құс базарына айналған хаюанаттар мекені жастарға көп нәрселерді білдіреді. Мұнда келген балалар тәжірибелі жетекшілер арқылы қандай құстың қайда мекендейтінін, қанша өмір сүретінін, адамға қандай пайда келтіретінін біліп қайтады. Көптеген оқушылар мектептен алған білімін толықтырады.

Суреттегі сол хаюанаттар паркіндегі көкқұтан.

Суретті түсірген *А. Скворцов.*





Әңгіме

«Шыйқ!», «Шыйқ!»

Үлпілдек жүніндей, нәп-нәзік. Қыяңқылығы да жоқ, моп-момақан, жұп-жуас. «Шип», «шип» десен болды, канатын қағып, жүгіріп келеді қасына. Кейбіреу: «Жас балапан өлгіш келеді, оннан жартысы есейсе де қуан!» — дейді ғой. Бекер сөз, напба? Ол Нұртай секілді баланың айтатын сөзі.

Түнеугүні, я әлі есімде, март айының бас кезінде колхоздың құс фермасына бардық. Біз келгенде инкубатордан бес жүздей жас балапан әкеліп, түсіріп жатыр екен. Нағыз аппак Леггорннің өздері. Қаптатып жіберсең, дәл сол ара жайқалған ақ мақтадай көрінеді алыстан. Титтей көздері жауғандай қараған балапандар бізге қатты ұнап кетті.

«Шыйқ!», «Шыйқ!»

Нұртай мұндайда шыдай ала ма? Жалмажан бір жәшікті көтеріп, біреуін ұстай беріп еді, ақ халат киген жайдары кескінді кісі:

— Бұлар әлі нәзік. Қолға ұстап ұйылауға болмайды, — деп ескерту жасады.

Бұған бәріміз ұялып қалдық. Нұртайдың ұшқалақ мінезіне іштей қыпжылдық та.

Нұртай болса былқ етпейді. Тіпті, қалың бетінің ұшында қызыл сызат та жоқ. Арсалаңдап күліп, ферма ішін аралап кетті. Біздің батылсыздана, иіріліп тұрғанымызды көрген әлгі кісі:

— Келген соң тұрмас болар. Кәне, жүріңдер, — деп өзі бізді ілестіріп, ферманы аралатты.

Айта берсек, көргеніміз көп, алған әсеріміз де мол. Әсіресе, жас балапандарға жасалған пеш, торлы ұя өте ұнады. Оны өздерің құс фермасына барсаңдар, көресіңдер. Балапандарға жылы болсын деп, әдейі мойынды пеш салынады екен.

Нұртайдың көп сөзінің бірінің пайдасы да тиді. Ол күн көзінде жүрген бір топ балапандарға ыржыя қарап:

— Ех, біз де өсірсек! — деп еді,

— Әдісің білсеңдер, өсіру қыйын емес, — деді әлгі адам жұмсақ дауыспен жымия қарап.

# Балапан

Суреттерін салған А. Воеводин.

Осы сөз ой тиегін ашқандай болды. Енді біз де жамырай сөйлеп кеттік. Жай сөзден сұрауымыз көп.

— Ағай, жас балапанды қалай өсіруге болады?

— Біз де өсірсек, рұқсат берер ме екен?

— Балапанды қайдан аламыз?

Әлгі кісі (кейіннен білдік, ферма меңгерушісі Сәрсен Қалиев екен) көп сұрауға түйінді бір жауап берді.

— Ынта болса, қыйындық жоқ. Біз фермаға инкубатор станциясынан іріктелген балапандар аламыз. Кейбір нәзіктері қалып қояды. Егер өсіргілерің келсе алып берейін. Ал, күтім жайы ма?...

Сал бөгеліп күле қарап:

— Үйретеміз. Сендерде үйірме бар ғой?

— Бар.

— Онда үйірме сабағына баруымызға рұқсат шығар?

— Әрице, келіңіздер, — дедік біз қуана дауыстап.

...Күндер өтіп жатты. Қаттасқан қар да бірте-бірте сұйылып, ақыры еріп бітті. Қылаулап көк шығып, лайсан жер беті дегдіп, күннің ыстық лебіне бетін төседі. Біз инкубатор станциясынан әрқайсымыз 20 балапаннан алдық. Күтімі болса, өсуі де тез екен. Әркім өз намысына тырысты. Айтқан соң ұялмау керек емес пе!

Тағы мына Нұртайды-ай! Не деп тұр деңі? Бес балапаны өліп қапты. Қызарар емес, дәлелі де әзір.

— Айтпап па еді басында... Біз ең нәзіктерін алдық қой, — деп қатесін мойындар емес.

— Ал, мына Мұрат, Саят, Қайраттың балапаны неге өлмеді? — деп ем.

— Онда менің шаруам жоқ, — деп ашу шақырды.

— Сонда қалай, сен үшін біз қызармақпыз ба?

— Қызар деп тұрған кім? Вот еше! — деп тыржың етті. Тіпті, біздің сөзімізге құлақ қоймай, аулада ойнап жүргендерге қосылып кетті.

— Енді қайттік?

— Оны өзім де білмей тұрмын. Шынында, біздің звено үшін ұят болды, — дедім мен балаларға.

Олар да ойға кеткендей, бастарын төмен салды. Кейбірі ауыр күрсінс алғанына өкініште білдірі.



Бұған мен шыдай алмадым:

— Өкінетін дәннене жоқ. Бұл да бізге сабак. Нұртайдың жеңіл мінезділігін қойдыруымыз керек.


— Хамит дұрыс айтады,— десті балалар. Сөз Нұртайға келгенде тұйықтала берді.

— Отряд жыйынында айту керек.

— Жоқ, әуелі звенода қатты сөйлесейік өзімен...

Сонымен бір шешімге келе алмай тарадық үйге. Бойымды бір зіл басқандай, көңлім алаңдай берді. Аула ішінде күн сәулесіне сүйсіне карап, асыр салып жүрген балапандар менің даусымды естіп үйіріле қалды. Әрқайсына мөлшерлі сүтін беріп, жоңышқа ұнтағын шаштым да, дереу фермаға гарттым. Манадан бері ойға келген бір шешімді Сәрсен ағайға айтып кеңесуді ойладым...

Ақыры жылжыса да, апрель тез жетіп келді. Соңғы күндері сұрғылт бұлт кең аспанды торлап төне қалды. Кейде ызғарлы жел соқса, кейде жауын бүркейді. Бұл күндері балапандарды ар-



наулы жылы үйшікте ұстадық. Астына төселген сабанын дамыл-дамыл ауыстырып, сыртқа шығармауға тырыстық. Суық өтсе, ауруға ұшырайтыны мәлім. Нұртай болса, енді еш қам жемейді. Соңғы он балапанын звеноның пионерлері бөліп алған.

— Бермеймін! — деп тырысып еді, оған көнбедік. Сәрсен ағайдың:

— Өсірейік деп бірінші айтқан сен ең, тек бос сөз болды. Қолыңнан келмесе, әзір былайша-ақ үйрен,— деген сөзіне сұлқ түсті. Сонан бері үйірме сабағына жай қатысқаны болмаса, желпінуі аз. Бір күні:

— Хамит, мен саған көмектесейін,— деп еді. мен басымды шайқап қабыл алмадым.

Мана отряд вожатыңы онымның қате екенін айтты. Ойлап тұрсам, қате екен. «Енді оған қалай айтпақпын?».

...Күндер өтіп жатты. Бір күні біз бүкіл отряд пионерлері болып, фермаға бардық. Бұл жолы жай барғанымыз жоқ, өсірген балапандарымызды ала бардық. Осы күнгі қуанышты айтып жеткізу қыйын. Колхоз председателінің:

— Бүкіл колхозшылар атышан аағыс айтамын! — деген сөзі ісімізге зор баға екенін білдік. Көңіл тасып, жүрек дүрсілдей соқты. Бой жадырап, жігер құйылды. Біз өсіруге тағы да балапан алдық. Сәрсен ағай:

— Нұртайды әлі де сынайық. Бұл жолы балапан бермейміз,— деді. (Мінезі қандай, ә!).

Нұртайдың дәл сондағы қызарғаны-ай. Бірінші көруім. Тіпті жылап та жіберді.

— Нұртай, сен ренжіме. Екеуміз бірге өсірейік,— дедім мен оған.

Бұл сөзге ол қандай қуанды десейші! Әрине, мен де қуандым.

Біздің колхоз фермасында жібек жүнді қозы, момақан бұзау, жұп-жұмыр торғай, үлнек жүнді балапан... бәрі де бар. Біз оларды жақсы көреміз. Күтіп, өсіруге үйренеміз, жәрдемдесеміз. Бізге қонаққа келіндер!

**Сансызбай САРҒАҚАЕВ**

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарханбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұрғалин М.

Технический редактор И. Соскинц.

г. Алма-Ата- проспект Сталина, дом № 79, редакция журнала «Пионер».

Подписано к печати 18/VII 1953 г. УГ05966. Бум. 84 × 108<sup>1/16</sup> — 0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 16 000. Полиграфкомбинат Главполиграфиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 965.



## Сен білесің бе?

...Совет Одағы өзендерінің жалпы ұзындығы екі жарым миллион километр. Соның жүз мың километрден астам жерінде кеме қатынасы бар.

...ССРО кеме қатынасы жолы АҚШ, Англия, Испания, Португалия мен Италияны қоса есептегенде солардың кеме қатынасы бір өзендерінің ұзындығынан әлде қайда артық...

...Сталин атындағы Беломор-Балтық каналының ұзындығы 227 километр, бұл канал салынғаннан кейін Ленинградтан Архангельскийге баратын жол төрт есе қысқарды.

...Ертістің Обьқа құяр жерінен төменіректегі сағасында биіктігі 78 метрлік плотина салу белгіленіп отыр. Бұл плотина салынғанда Азов теңізінен жеті есе ұлғаю дүние жүзіндегі ең зор су қоймасы пайда болмақ.

...Кавказда және Қырымның оңтүстік жағалауында секвойя деген ағаш өседі. Секвойя екі мың жылға дейін жасайды. Көне ағаштың жуандығы 15-16 метрдей болады. Секвойяның қабығымен өзегі арасындағы қабаты темір сияқты берік келеді. Оның бойында смола тектес зат көп болғандықтан ұзақ уақыт бұзылмай жақсы сақталады. Жерге көмілсе де, су ішінде тұрса да ондаған жыл шірімейді. Секвойядан қорабьдер, вагондар жасалады. Ол түрлі жер асты және су асты құрылыс жабдығына пайдаланылады.



## Жауаптар

### Анаграмма

«Пионер» журналының 6-номеріндегі анаграмманың шешуі: «Қой», «той», «ой».

### Алты өзен

«Пионер» журналының 6-номеріндегі «Алты өзеннің» жауабы: 1. Алдан. 2. Донец. 3. Онега. 4. Хопер. 5. Терек. Алтыншы өзен Днепр.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

О. Калепов (Ақтөбе облысы), М. Білібаев (Шығыс Қазақстан облысы), Р. Батталов (Қарағанды облысы), Ә. Әділбеков (Қызылорда облысы), Ғ. Баймұкамедов (Қостанай облысы).

## БҰРАҢ ЖОЛ



Ойынға 5-10 адамнан екі команда қатысады. Стартта тұрғандар доптарын алдарына қойып, әзір тұрады. Судья белгі бергенде әр команданың бірінші қатардағы ойыншысы тігулі тұрған жалаулардың арасымен біресе оңға, біресе солға бұра отырып, допты аяғымен жүргізіп кетеді.

Сол бұраң жолмен ойнаушы стартқа қайта айналып келеді. Ойынға қатысушы команданың басқа ойыншылары да осы тәртіппен бұраң жолдан өтеді.

Қай команданың барлық ойыншысы допты бұрын жүргізіп болса, сол команда ұтады.

## ДОПТЫ ШЕҢБЕРДЕН ШЫҒАРУ

Ойнаушылар аяқтарын екі нықтың арасының кеңдігіндей мөлшерде ғана жазып, шеңберлі айнала тұрғандардың біріне-бірінің аяқтары тиісіп тұруы керек. Өздері сәл иілген күйінде, қолдары тізесінде болады.

Қатар тұрғандар допты шеңбердің ішіндегі ойын жүргізушінің қолына түсірмеу үшін, бір қолымен допты шеңбер бойымен домалатып тұрады. Ойын жүргізушінің міндеті — допты шеңбердің сыртына шығарып жіберу. Ойнаушылардың допты аяғымен ұрып, немесе ұстап қалуына болмайды. Доп келіп қалғанда жылжытып жіберу үшін болмаса жай тұрғанда қолдарын тізесінен айырмаулары керек.

### Допты қасындағыға бере біл

Ойынға қатынасатындар біріне бірі қол жетерлік жерде шеңберді айнала тұрады. Ойын жүргізуші шеңбердің сыртында болады. Ойынға қатысушылардың бірі допты қолына алғанда, ойын жүргізуші соның қасына келіп тұрады.

Бастауға белгі берілгенде, ойнаушылар допты бірінен-бірі қағып алып жатады, ал, ойын жүргізуші қайткенде де, сол допқа қолын тигізіп қалуға тырысады. Ойнаушы допты не оң жағындағы, не сол жағындағы ойыншыға ғана бере алады. Бұл ережені сақтамаған адам шеңберден шығып, ойын жүргізуге тиіс. Егер ойын жүргізуші допты ұшып бара жатқанда ұстап қалса, онда допты лақтырған адам ойын жүргізуші болады. Сол сияқты қолындағы добына ойын бастаушының қолын тигіздіріп алса, ол да ойын жүргізушінің орнын басуға тиіс.

## ЕКІ ЕСЕП

Әуесбек екеуміз мектептен үйге қайтып келе жаттық.

Мен қораптан әр түсті қарындашты алып көрсетіп, «Осыны алу үшін сатушыға 1 сом және осының құнының жартысын төледім. Сонда мұның құны қанша болғаны? Ал ойлай бер» дедім. Ол іле:

— Сен бұл есепті бірінші класта оқыттын Тұңғышқа берсең нетті? Ал мен өзіммен бірге төртінші оқымын ғой, — деп жәбірлене сөйлен алып, есептің жауабын айтты.

Айрылысар жерге жеткенде Әуесбек: «Сенің есебіңнің жауабын мен айттым ғой: Енді сен ойлап, бірлік орындағы цифрынан тоғыз есе артық болатын бүтін сан — қай сан екенін тауып келші. Тек жазбай, ойша шығаратын бол», — деді. Мен оның есебінің жауабын үйге жеткенше-ақ таптым. Әуесбек пен мен айтқан екі есептің жауабын сен де ойлап көрші.

Қ. Нұрсұлтанов.

